





Жылдық есеп

2010



ҰШУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ





Мазмұны

ПРЕЗИДЕНТТІҢ АЛҒЫСӨЗІ	4
КОМПАНИЯ ЖӨНІНДЕ	9
I. 2010 ЕСЕП БЕРУ ЖЫЛЫ	11
1. 2010 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштері	12
2. 2010 жылға қойылған басым міндеттердің жүзеге асуы бойынша қорытындылар	16
3. 2010 жылдың негізгі оқиғалары	18
II. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	21
1. Қауіпсіздік	21
2. Ұшуларды ұйымдастыру	22
3. Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету	25
4. Борттық қызмет	26
5. Жерде қызмет көрсету	29
6. Сатулар және маркетинг	31
7. Ақпараттық технологиялар және электрондық коммерция	34
III. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ	37
IV. ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ	39
1. Қызметкерлер құрамы	39
2. Әлеуметтік жауапкершілік	44
3. Экологиялық жауапкершілік	48
V. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	51
VI. АКЦИОНЕРЛАР МЕН ИНВЕСТОРЛАРҒА	67
VII. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	68
VIII. 2011 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР	73
ҚОСЫМШАЛАР	76

ПРЕЗИДЕНТТІҢ АЛҒЫСӨЗІ



Өткен жыл «Эйр Астана» компаниясы үшін қаржылық және операциялық тұрғыдан тағы да бір рекордтық жыл болды. 2008 және 2009 жылдар әлемдік авиация индустриясының бүкіл тарихындағы ең нашар жылдар болғандығына қарамастан, біз соңғы үш жыл ішінде қол жеткізген табыстылықтың тұрақты көрсеткіштері үшін аса қуаныштымыз. 2010 жылы біз алға қойылған мақсаттарға жетіп қана қоймай, олардан асып түстік. Әуекомпания жаңа халықаралық бес бағыт ашып, аймақтық маршруттық желісін кеңейтті; әрекеттегі әуе кемелер паркінің модернизациясы жөнінде маңызды шешімдер қабылданды; Біртұтас кедендік одақ шеңберінде батыстық әуе кемелерін алып кіруде салынатын кедендік баж салығынан босатылу жөнінде маңызды келіссөздер өткізілді; Қазақстанның басқа тасымалдаушыларына ЕО аумағына ұшулар орындауға салынған тыйымнан босатылған әуекомпания мәртебесін ұстап тұру жалғасын тапты.



Біздің 2010 жылғы жетістігімізге көптеген сыртқы факторлар, соның ішінде жаһандық әуе тасымалы индустриясының қалпына келуі, сондай-ақ компанияның ұшулар орындайтын қазақстандық және басқа да негізгі рыноктарының кенеттен өсуі әсер етті. Тасымалданған жолаушылардың рекордтық саны табыстың 661,5 млн АҚШ долларын құрап, өткен жылмен салыстырғанда 18% жоғары болуына жағдай жасады. 2008-2009 жж. шығындарды оңтайландыру бойынша қабылданған шешімдердің енгізілуінің де маңызы кем емес, оның нәтижесінде бизнес жүргізудің аса қиын жағдайларына қарамастан 2009 ж. рекордтық пайдаға қол жеткізілді. Қазақстандық жеткізушілермен жанармайдың тікелей жеткізілімдері бойынша келісімдер жасалғандымен және тікелей сату арналарын тұрақты түрде дамытумен бірге, бұл 2010 жылдағы пайдалылыққа төніп тұрған екі негізгі қауіп-қатерге төтеп беруге септігін тигізді: әуежанармай бағаларының өсуі және жалпы инфляция. Осындай қажырлы жұмыс 2010 жылы таза пайданың 61% жоғарылап, 77,1 млн АҚШ долларын құрауына алып келді, ол бизнеске қайта салынып, сонымен қатар акционерлер арасында бөлінетін болады.

Өткен жылы «Эйр Астана» АҚ жеткізілімі 2012 жылдың басында басталатын Эрбас 320 тобының әуе кемелерін сатып алуды қаржыландыруын жалғастырды. Бұл бізге 2011-2012 жж. алты Эмбраер E-190 әуе кемесін жоспар бойынша эксплуатацияға енгізумен қатар, маршруттық желімізді кеңейтуге мүмкіндік береді. Жаңа заманауи ұшақтардың күтімі арзанырақ болады, олар сондай-ақ зиянды шығарындылар деңгейінің төмендігімен ерекшеленеді және компания маршруттық желісін дамытуда үлкен икемділікті қамтамасыз етеді. Орташа жасы жеті жас болып келген біздің флот ең жас флоттардың бірі болып табылады, ал аталған жеткізілімдер бізді мақсатымыз – реактивті әуе кемелердің қазіргіден де тиімді паркіне жақындатады.

Біздің тек операциялық лизингке сүйенуді жалғастырмай, ұшақтар сатып алуды қаржыландыра алатындығымыз мықты қаржылық жағдайымыз бен табыстылығымызды, соның ішінде борыштық міндеттемелердің төмен деңгейін көрсетті. Standard & Poor's халықаралық агенттігінің корпоративтік басқару рейтингін 2009 жылғы 5+ деңгейінен 2010 жылы GAMMA 6 деңгейіне дейін көтеруі компанияда корпоративтік басқарудың жоғары деңгейде екендігін тағы да растады. Мен мықты қаржылық негіз бен корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарын сақтаудың бірлесуі болашақта несиелік және қор рыноктарына шығу кезінде ұзақ мерзімді өсімді ынталандыру мақсатымен компанияны тиімді жағдайға қоятындығына сенімдімін.

Біз Алматы қаласының тораптық әуежайында жаңа инженерлік құрылыстардан тұратын авиациялық компоненттерді жөндеу орталығын құруда үлкен ілгерілеушілікке жеттік. Аталған орталық дербес техникалық қызмет көрсету жолындағы аса маңызды қадам болып табылады. 2011 жылы ашылғаннан кейін ол Орталық Азиядағы ең алдыңғы қатарлы орталықтардың бірі болып, жұмыстарды шетелде емес, Алматыда орындауға мүмкіндік беріп, қызмет көрсетуге кететін шығындарды айтарлықтай қысқартады. Аймақта техникалық база құру «Эйр Астана» компаниясының қазақстандық экономикаға қосатын елеулі үлестерінің бірі – жоғары технологиялық инфрақұрылым қалыптастыруды күшейтеді.

Әуекомпания сондай-ақ елдегі адам капиталының дамуына үлес қосуда. 2010 жылы 40 шақты ұшқыш ab-initio бағдарламасы бойынша білім алып, 17 кадет аталған курсты табысты аяқтап, ұшақ штурвалдарында орын алды.

Сонымен бірге біз инженерлер мен басқа да техникалық персоналды шет елге мамандандырылған курстар мен арықарайғы оқу үшін жіберуді жалғастырып келеміз. «Эйр Астана» әуекомпаниясы Еуразияда алғашқы болып Эрбас 320, Боинг 757/767 және Эмбраер 190 әуе кемелерінде ұшулар орындау процедураларына жаттығуға арналған EVPT жетілдірілген виртуалды тренажерін сатып алды. Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігінің (EASA) 145-Бөлім бойынша рұқсат мерзімін ұзарту және 66-Бөлім сертификациясына ие болу жолындағы жұмыс бізге қазақстандық басқа тасымалдаушыларға ЕО аумағына ұшулар орындауға салынған тыйымнан босатылған әуекомпания мәртебесін ұстап тұруға септігін тигізді. Аталған мәртебені ұстап тұру біздің адамдарымыздың тамаша дайындығына негізделген аса маңызды көрсеткіш болып табылады.

Өткен жылы біз Орталық Азия және ТМД-да қызмет көрсету сферасындағы өз беделімізді жоғарылаттық. Клиенттерге жақсы қызмет көрсету жергілікті әуекомпаниялардың ерекшелігі болып келмеген аймақта әлемдік деңгейде қызмет көрсету компания құрылғалы бері біздің басым міндетімізге айналды. Ұлттық әуекомпания Skytrax компаниясының «Шығыс Еуропаның 2010 жылғы үздік әуекомпаниясы» рейтингінде үшінші орынға ие болып, аталған рейтингіде аты аталған Орталық Азия мен ТМД-дағы жалғыз әуекомпания болды. Skytrax рейтингі жолаушылар арасында сауалнама өткізуге негізделгендіктен, біз алған баға компаниямыздың қызмет көрсету персоналының қажырлы еңбегінің тағы бір дәлелі болып табылады, сонымен қатар бұл жұмысты келесі жылы одан да жақсы қылуға мүмкіндік береді.

2010 жылы бизнес-класс сегменті жаңартылды. Компания су жаңа борттық ойын-сауық жүйесі – аудио- және бейнебағдарламалар, ойындар ұсынатын KCTV жеке мультимедиялық плеерін іске қосты. Барлық Боинг 757 ұшақтарында креслолардың модификациясы жүргізілді, енді олар жайылып, ұйықтау орындары ретінде пайдаланыла алады. Біз сондай-ақ эконом-класста ойын-сауық спектрін кеңейттік және біздің кішкентай жолаушыларымызға арналған ойындар мен сыйлықтармен толтырылған жаңа жолдорбалар шығардық. Тағам және ішімдіктер сапасы жақсартылды. Әуекомпания қызмет сапасының одан да жоғары болуы мақсатымен үш тіл білетін экипажын үзбей оқытуды жалғастырып келеді.

Әрине, жақсы қызмет көрсету ұшақ есігінен, тіпті әуежайдан емес, клиенттің әуебилетін іздей бастаған кезінен басталады. Өткен жылдың тамыз айында әуекомпания веб-сайты жаңартылды. Жаңа сайт әрі біздің маршруттық желі шеңберінде, әрі біздің код-шеринг серіктестеріміздің бағыттарына да билет сатып алуды жеңілдетеді, одан бөлек жолаушылар отельдерді де брондап алады. Веб-сайттың жаңартылған нұсқасының іске қосылуы әуекомпанияның тікелей сатуларының үлесінің артуына септігін тигізіп үлгерді. Сайт сондай-ақ Қазақстанда онлайн-сатулардың дамуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар ұлттық тасымалдаушыны әрі Қазақстанда, әрі негізгі халықаралық рыноктарда таныту үшін туристік агенттіктермен арадағы ынтымақтастық жалғасып келеді.

Сала үшін екіталай болған өткен жылдың ізімен 2011 жыл да әуекомпаниялар үшін күрделі болады деп күтілуде. Алғашқы ширекте орын алған геосаяси жағдайлар әуежанармай бағаларының өсуі негізгі фактор болатынын көрсетеді. Мұнай бағаларының жоғары болуы біздің жергілікті экономикамыз үшін тиімді болатындығына қарамастан, кейбір бағыттарға деген сұранысты төмендетуі мүмкін. ИКАО ұйымының 2009 жылы анықтаған сәйкессіздіктерін жою арқылы ЕО аумағына ұшулар орындауға салынған тыйымды жеңу мәселелерін шешу бойынша Қазақстандық билікке жәрдемдесу тағы бір басым міндет болып қалып отыр.


Соған қарамастан, жоғарыда аталған себептердің арқасында әуекомпания осы қиындықтарды жеңу жолында бәсекелестеріне қарағанда ең жақсы жағдайда деп ойлаймын. Одан бөлек, 2011 жыл біз үшін тамаша басталды – «Эйр Астана» ағымдағы жылдың 30 қаңтары мен 6 ақпаны аралығында өткізілген VII қысқы Азия ойындарының ресми тасымалдаушысы болды. Бұл шара Қазақстанның табиғи сұлулықтарын, жергілікті тұрғындардың қонақжайлылығын паш етіп, үлкен табысқа жетіп, әуекомпания болса, қос астана – Алматы мен Астана арасында жол жүріп отырған спортшылар, көрермендер мен журналистерге өз қызметтерінің сапасын көрсетуге мүмкіндік алды.

Біздің мықты қаржылық жағдайымыз, жас әрі заманауи флотымыз, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі қызмет көрсету бізге Орталық Азия және ТМД-дағы бәсекелестеріміздің алдында айтарлықтай артықшылықтар беріп үлгерді. Біздің өткен жылғы жетістіктеріміз – жаңа әуе кемелерін сатып алу, аймақтық техникалық қызмет көрсету орталығын құру бойынша жүргізілген жұмыстар, Skytrax рейтингі көрсеткендей біз ұдайы және сенімді түрде мақсатымыз – аймақтағы жетекші компания мәртебесін бекіту бағытында алға жүріп келеміз.

Біздің Қазақстандағы да, халықаралық офистеріміздегі де барлық қызметкерлер 2010 жылдың табысты болуында маңызды рөл ойнады, және де мен оларға Директорлар кеңесінің атынан ісіне деген адалдықтары, жағымды көңіл-күйде болғандықтары және қажырлы еңбектері үшін алғысымды білдіргім келеді. Сондай-ақ біздің екі негізгі акционер, «Самұрық-Қазына» мен BAE Systems компаниясына олардың шексіз қолдауы үшін алғысымды білдіргім келеді.

Құрметпен,

Питер Фостер





1783

ӘУЕДЕ ЖҮЗУДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ...

Әуе шарын құрастырып, алғаш рет аспанға жіберген адамдар – ағайынды Жозеф-Мишель және Жан-Этьен Монгольфье. Өнертапқыштар бұлттарды бақылай отырып, олардың қозғалысының табиғатын ашқысы келді. Бірте-бірте бу көмегімен «жасанды алма» жасап шығару идеясы пайда болды. Бірқатар сәтсіз тәжірибелерден соң ағайынды Монгольфье 1783 жылдың 5 маусымында көптеген көрермендердің көзінше алғашқы аэростатты көкке жіберді (көлемі 600 м³, диаметрі 11,5 м).



КОМПАНИЯ ЖӨНІНДЕ

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (51%) мен британдық BAE Systems (49%) компаниясының бірлескен кәсіпорны болып табылады. Компания 2001 жылдың соңында құрылып, алғашқы рейсін 2002 жылдың 15 мамырында орындады. 2010 жылы әуекомпания 2,57 миллион жолаушы тасымалдып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізді.

Қазіргі уақытта әуекомпания 23 ішкі және үш маусымдық маршрутты есепке алғанда, 28 халықаралық рейс орындайды. 2010 жылдың соңына қарай «Эйр Астана» АҚ флоты ең жас әрі заманауи болып, орташа эксплуатациялық жасы 7 болып келген 22 батыстық әуе кемесінен құралды. Компания 2015 жылы әуе кемелер паркін жеткізілімі 2012 жылға жоспарланып отырған Эрбас А320 тобының 6 ұшағын есепке алғанда, реактивті әуе кемесінің 26 бірлігіне дейін көбейтуді жоспарлап отыр.

«Эйр Астана» әуекомпаниясы өз жолаушыларына бүкіл әлемге жол ашады. Әуекомпания Этихад, KLM, Австрия әуе жолдары, Эйр Балтик және Азиана әуекомпанияларымен код-шеринг жөнінде келісімге отырып, сондай-ақ 100-ден астам тасымалдаушылармен серіктестік интерлайн келісімдер жасасты, осылайша ол жолаушыларға 300-ден аса бағыт таңдау мүмкіндігін ұсынады.

Компанияның техникалық қызмет көрсету деңгейі әлемдік жетекші әуекомпаниялардың деңгейіне сәйкес келеді. «Эйр Астана» АҚ Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (ИАТА) толық құқылы мүшесі және Қазақстанда Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігі (EASA) тарапынан EASA 145–Бөлім директивасының талаптары бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге сертифицирталған жалғыз тасымалдаушы болып табылады. Компания сондай-ақ эксплуатациялық қауіпсіздік бойынша халықаралық аудиттен (IOSA) сәтті өтті. Әуекомпания жанармай сапасын бақылау жөніндегі ИАТА аудиторлар тобына (IATA Fuel Quality Pool) кіреді. 2010 жылы «Эйр Астана» АҚ ұшқыштарға Эрбас А320 тобының әуе кемелерін, сондай-ақ Боинг В757 және В767 әуе кемелерін жүргізу дағдыларын дамыту мақсатымен Еуразияда алғашқы болып 2 EVPT жетілдірілген ұшу тренажерін сатып алды. Әуекомпания сондай-ақ Эмбраер Е190 әуе кемелеріне арналған, 2011 ж. жеткізілетін осындай ұшу тренажеріне тапсырыс берді.


2010 жылы Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігі «Эйр Астана» АҚ корпоративтік басқару рейтингін қазіргі таңда Қазақстан Республикасында ең жоғарғы болып табылатын GAMMA 6 деңгейіне дейін көтерді. Компания Skytrax компаниясының жолаушылар арасында сауалнама өткізуге негізделген «Шығыс Еуропаның 2010 жылғы үздік әуекомпаниясы» рейтингінде үшінші орынды иеленіп, аталған рейтингте аталған ТМД аумағындағы жалғыз компания болды. «Эйр Астана» компаниясы сондай-ақ 2011 жылдың 30-қаңтары мен 6-ақпаны аралығында Астана мен Алматы қалаларында өткізілген VII қысқы Азия ойындарының ресми тасымалдаушысы болды.



1883

«ӘЛЕМГЕ ДИРИЖАБЛЬ ТЕРЕЗЕСІНЕН ҚАРАҢЫЗ!»

1883 жылы Францияда Тиссаньдье ағайынды конструкторлар алғаш рет электрқозғалтқышты дирижабль құрды. Аппараттың максималды жылдамдығы – 14,4 км/с.



I. 2010 ЕСЕП БЕРУ ЖЫЛЫ

Әуе тасымалының жаһандық индустриясы айтарлықтай қиын болған 2009 жылдан кейін негізгі әлемдік нарықтардағы экономикалық өсімнің серпінімен 2010 жылы анағұрлым қалпына келді. Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы (IATA) мәліметі бойынша осы сала 2009 жылы 9,9 млрд АҚШ долларын құраған шығындармен салыстырғанда 16,0 млрд АҚШ долларына тең рекордтық пайдаға қол жеткізді. Әуекомпаниялар 2010 жылы Исландияда жанартаудың атқылауы салдарынан көптеген негізгі трансатлантикалық маршруттардың жабылуы және желтоқсан айындағы қатал қысқы ауа райына байланысты көрсеткіштерінің айтарлықтай төмендеуін сезінді.

«Эйр Астана» АҚ 2009 жылғы 1,2% көрсеткішпен салыстырғанда 2010 жылы ЖІӨ шамамен 7% өскен Қазақстан экономикасының қалпына келуінің арқасында 2010 жылы табыс және пайда бойынша рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізді¹. Экономикалық белсенділіктің күрт өсуі іссапармен жүргендердің де, туристтердің де әуе тасымалына деген сұранысының артуына алып келді. ТМД рынқтарында экономикалардың қалпына келуі және Қытайдағы динамикалық өсім де әуекомпания қызметтеріне деген сұраныстың артуына алып келді.

Аталған оңды макроэкономикалық факторлардың және әуекомпанияның маршруттық желісінің кеңеюінің, маркетинг шаралардың жетілдірілуінің және сапалы қызмет көрсетудің арқасында «Эйр Астана» АҚ жалпы табыс көлемі 661,5 млн АҚШ долларына дейін өсіп, 2009 жылғы 559,3 млн АҚШ доллары көрсеткішінен 18% жоғары болды². Тасымалданған жолаушылар саны 2,57 млн адамды құрап, жаңа рекордтық көрсеткішке жетті (2009 жылғы 2,2 млн жолаушы және 2008 жылғы 2,3 млн жолаушымен салыстырғанда). Жолаушы тасымалынан түскен табыс 17% өсіп, өткен жылғы 63% салыстырғанда орташа жүктелім коэффициенті 68% құраған 27787 рейс орындалды.

Тасымалдау сыйымдылығының көлемі жаңа маршруттардың, оның ішінде Алматы – Үрімші, Алматы – Душанбе, Алматы – Ташкент, Алматы – Санкт-Петербург және Астана – Екатеринбург маршруттарының ашылуына байланысты 7456 млн шекті жолаушы/километрге жетті. Рейстердің уақтылы орындалуының орташа көрсеткіші 2009 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда Қазақстанда да, Еуропа елдерінде де қысқы уақытта орын алған, осы аймақтардың барлық әуе тасымалдаушыларының қызметіне ықпал еткен қатал климаттық жағдайлардың себебінен сәл төмендеді.

2008-2009 жж. шығындар деңгейін қадағалау бойынша қолға алынған шаралар 2010 жылы өзін-өзі ақтады. Операциялық пайда 91,4 млн АҚШ долларына дейін өсіп, 2009 жылғы 49,8 млн АҚШ долларымен салыстырғанда 83% жоғары болып, операциялық тиімділік 13,8% құрады. Таза пайда да 77,1 млн АҚШ долларына дейін көтеріліп, 48,0 млн АҚШ долларын құраған алдыңғы рекордтық көрсеткіштен 61% жоғары болып, 11,7% құраған таза тиімділікке тең болды.

Операциялық және таза тиімділіктің өсуіне шығыстарды қатаң қадағалау септігін тигізді. 2009 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясының құрамында мұнай өңдеу зауыттары

да бар жергілікті тікелей жеткізушілердің кішігірім санынан жанармай сатып алуды консолидациялау бойынша қолға алған әрекеттері жанармай бағаларының өсуіне деген ықпалды азайтуға септігін тигізді. Шығындардың орасан бөлігін алатын жанармайға жұмсалатын шығындар мұнай бағасының 2010 жыл бойы үнемі өсіп отырғандығына қарамастан, өткен жылмен салыстырғанда тек 15% көтерілді. Жанармай бағаларының жоғары болуы әлемдік индустрия үшін негізгі проблема болып табылады, себебі әлемдік экономиканың, мұнай өндіруші елдердің көпшілігінде жұмыс істеу шарттары қиын болып, ал өндірістік шығындардың жоғары болып қалып отыруының аясында әлемдік жанармай бағалары үдемелі түрде өсіп отыр.

Компания алдыңғы жылдары қолға алынған шаралардан пайда көре отырып, басқа да шығындарды табысты түрде қадағалап отырды. Инженерлік-техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар алдыңғы жылмен салыстырғанда 17% өсіп, ұшу құрамына жұмсалатын шығындар – 15%, қызметкерлерге жұмсалатын шығындар – 12% жоғарылады; бұл шығындардың барлығы жолаушы ағынының өсуінен төмен немесе бір деңгейде болып келеді. Тек 2% ғана өскен ұшақтар лизингіне жұмсалатын шығындар бөлігін ерекше атап өткен жөн.

2009 жылғы девальвациядан соң 2010 жылғы теңгенің тұрақтылығы валюталық бағамның теріс ықпалын азайтып, «Эйр Астана» АҚ-на өз қызметін оңайырақ жоспарлауға мүмкіндік берді. Инфляция, шығындарды қатаң қадағалау оның әсерін азайтатынына қарамастан, проблема болып қалып отыр. Жаңартылған корпоративтік веб-сайтты іске қосу мен тікелей және агенттік сатуларға жіті көңіл бөлуі қоса алғандағы сатулар мен маркетингтің тиімдірек саясаты жолаушылар ағынының өткен жылмен салыстырғанда 17% жоғары болуына алып келді, сатулардың өзіндік құны болса тек 11% ғана өсті.

Экономикалық жағдайдың айтарлықтай жақсаруы және рыноктың тез қалпына келуі «Эйр Астана» АҚ-на инвестицияларға айтарлықтай дем беруге мүмкіндік берді. Компания ұшақ дөңгелектері мен тежегіштерін жөндеу, аккумуляторлық батареяларға қызмет көрсету цехтары, бақылаудың бұзбайтын әдістері учаскесі, сондай-ақ ұшақ конструкцияларының құрылымдық элементтерін жөндеу цехтарынан тұратын Авиациялық компоненттерді жөндеу орталығының кеңеюіне жағдай жасап, техникалық қызмет көрсету мен инженерлік құрылыстарға инвестиция құюды жалғастырып отыр. Бұл инвестициялар болашақта жөндеуге жұмсалатын және техникалық шығындарды азайтып, үшінші тараптарға техникалық қызмет көрсету есебінен табыстың қосымша көзін қамтамасыз ете отырып, аймақтық техникалық қызмет көрсету орталығын құруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, «Эйр Астана» АҚ меншікке алынатын, алғашқылары 2012 жылы жеткізілетін Эрбас 320 тобының алты әуе кемесінің жеткізілімге дейінгі төлемдерін жалғастыруда. Әуекомпания сондай-ақ үш Эмбраер E-190 аймақтық әуе кемесінің лизингі бойынша келісім-шартқа отырды; олардың екеуі 2011 жылдың алғашқы жартысында жеткізілді.

¹ ЖІӨ нақты өсімі; Дереккөз: Қазақстан Ұлттық Банкі

² 2010 ж. 147.35 т. және 2009 ж. 147.50 т. құраған теңге/доллар валюталарының орташа жылдық бағамдарына сүйену негізінде

1. 2010 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

1.1 2010 ЖЫЛҒЫ СТАТИСТИКА

Қаржылық статистика

(қазақстандық мың теңгемен)


Көрсеткіштер	2010	2009
Табыс	97 469 737	82 492 103
Операциялық шығындар	84 005 428	75 144 290
Операциялық пайда	13 464 309	7 347 813
Салық салынғанға дейінгі пайда	14 310 829	9 000 702
Таза пайда	11 360 369	7 077 948
Банктегі депозиттерді есепке алмағандағы ұзақ мерзімді активтер	10 591 111	8 346 191
Ағымдағы активтер, соның ішінде:	38 543 066	26 047 403
Банктегі депозиттерді қоса алғандағы ақшалай қаражат	23 731 086	13 568 258
Акционерлік капитал	30 057 011	21 173 924
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	2 039 365	908 507
Ағымдағы міндеттемелер	17 037 801	12 311 163

Операциялық статистика

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2010	2009	
Әуе кемелерінің ұшуы	сағат	69 294	66 512	4%
Әуе кемелерінің қонуы	рет	27 787	26 253	6%
Тасымалданған жолаушылар	мың адам	2 568	2 201	17%
Ішкі рейстерде	мың адам	1 713	1 439	19%
Халықаралық маршруттарда	мың адам	855	761	12%
Жүк, багаж және пошта тасымалы	тонна	16 392	14 169	16%
Орындалған жолаушы айналымы	млн ж/км	5 082	4 525	12%
Шекті жолаушы айналымы	млн ж/км	7 457	7 158	4%
Коммерциялық жүктелім коэффициенті	%	68%	63%	5%


1.3 2010 ЖЫЛҒЫ ЖОЛАУШЫЛАР АҒЫНЫ

Тасымалданған жолаушылар




1.2 2010 ЖЫЛҒЫ ТАСЫМАЛДАУ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ


Шекті жолаушы айналымы



1.4 2010 ЖЫЛҒЫ ТАБЫС



1.5 2010 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ШЫҒЫНДАР



Авиакеросин және ЖЖМ

Қызметкерлерге жұмсалған шығындар

ӨК инженерлік-техникалық қызмет көрсету

ӨК және қосалқы бөлшектер лизингі

Өуежайда және жерде қызмет көрсету


Жолаушыларға жұмсалған шығындар

Реализация шығындары

Өзге шығындар

Салықтар

1.6 2010 ЖЫЛДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ




Операциялық пайда

Таза пайда

1.7 МАРШРУТТЫҚ ЖЕЛІНІҢ АЙМАҚТАР БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

2010 жылы «Эйр Астана» компаниясы 23 ішкі және 3 маусымдық маршрутты қоса алғанда 28 халықаралық рейс орындады. Өуекомпанияның ұшулар орындайтын аймақтары: Қазақстан, ТМД, Азия, Таяу Шығыс және Еуропа.



Қазақстан

ТМД

Азия

Таяу Шығыс

Еуропа

2. 2010 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН БАСЫМ МІНДЕТТЕРДІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ НӘТИЖЕЛЕРІ

2009 жылы «Эйр Астана» АҚ 2010 жылға алдына бірнеше басым міндет қойды. Төменде олар бойынша қысқаша талдау берілген.

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ҰШУЛАРДЫ ОРЫНДАУҒА САЛҒАН ТЫЙЫМЫ

Басымдық: Еуропалық Одақ аумағына ұшулар орындауға рұқсат берілген әуекомпания мәртебесін ұстап тұру.

Нәтиже: «Эйр Астана» АҚ-ның Еуропалық Одақ аумағына ұшулар орындауға салынған тыйымнан босатылуы жоғары қауіпсіздік стандарттары мен компанияның табысты қызметінің арқасында сақталып отырды, оның айғағы ретінде EASA 145-Бөлім еуропалық директивасының талаптары бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге Ұлыбританияның Азаматтық авиация басқармасы тарапынан өткізілген қайта сертификаттауды келтіруге болады. «Эйр Астана» әуекомпаниясы Қазақстанның азаматтық авиация комитетіне Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) анықтаған сәйкессіздіктерді жою бойынша кәсіби көмек көрсетуді жалғастырып келеді.

БІРЫҢҒАЙ КЕДЕНДІК ТАРИФ

Басымдық: «Эйр Астана» АҚ кедендік одақтың барлық тасымалдаушылары үшін батыстық әуе кемелерін кіргізудегі кедендік баж салығынан босатылу мақсатында ҚР мемлекеттік органдарымен және Бірыңғай кедендік одақ елдерімен жұмыс істеуге белсенді қатысуын жалғастыра түсуі.

Нәтиже: Кедендік баж салығынан босатылуға 2010 жылы қол жеткізіліп, соның арқасында әуекомпанияның жеткізілімі 2012 жылы басталатын Эрбас 320 тобының алты әуе кемесін сатып алу жөніндегі маңызды жобасының жүзеге асуы мүмкін болды.



Эмбраер E-190

КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Басымдық: Компанияның жаңа Стратегиялық Жоспары

Нәтиже: 2006-2015 жж. арналған алдыңғы Стратегиялық Жоспар 2005 жылы бекітілген болатын. 2011-2020 жж. он жылдық кезеңге арналған жаңа Стратегиялық Жоспар 2011 жылдың қаңтарында құрастырылып, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен бекітілді. Аталған жоспар компанияның келесі 10 жылдағы негізгі бағыттарын анықтап, әуе кемелері паркінің өсуін және маршруттық желінің кеңеюін қамтиды және компания қызметінің іскерлік және экономикалық ортасын суреттейді, ықтимал үрдістерді көрсетіп, компанияның әлеуетті мүмкіндіктері мен тәуекелдерін анықтайды.

ӘУЕ КЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР


Басымдықтар: меншікке алынатын Эрбас 320 тобының әуе кемелері бойынша төлемдер жасау; Батыс Қазақстанда әуе қатынастарын қамтамасыз ету үшін және Атыраудан орындалатын рейстерге жолаушыларды жеткізу үшін алтыншы Фоккер 50 әуе кемесін қолданысқа енгізу; Фоккер 50 паркін 2012 жылы алмастыру мәселесін зерттеу және ол бойынша шешім қабылдау; 2011 жылы Эмбраер 190 әуе кемелерін қолданысқа енгізуге дайындық.

Нәтижелер: Компания әуе кемелер паркі бойынша 2010 жылға қойылған барлық міндеттерін табысты орындады. Эрбас 320 тобының меншікке алынатын алты әуе кемесі бойынша жеткізілімге дейінгі төлемдер жасалды. Алтыншы Фоккер 50 қолданысқа енгізілді. 2012 жылдың соңына қарай Фоккер 50 паркін алмастыру бойынша жоспарлар дамып отырды. Эмбраер 190 әуе кемелерінің жеткізілімдері қарсаңында ұшуларды ұйымдастыру бойынша сәйкес дайындық шаралары өткізілді; ұшқыштардың алғашқы тобы әуе кемелерінің аталған түріне қайта мамандану үшін Францияға жіберілді.

МАРШРУТТЫҚ ЖЕЛІНІҢ ДАМУЫ

Басымдық: Орталық Азия аймағында маршруттық желіні дамыту стратегиясының бір бөлігі ретінде Ташкент және Душанбе бағыттарына жаңа маршруттардың ашылуы.

Нәтиже: «Эйр Астана» әуекомпаниясы маршруттық желіні дамыту бойынша жоспарланған дәрежеден артық нәтижеге қол жеткізді. Мысалы, бірнеше жаңа бағыт ашылды: Алматы – Үрімші, Алматы – Душанбе, Алматы – Ташкент, Алматы – Санкт-Петербург және Астана – Екатеринбург. Компания сондай-ақ 2011 жылы келесі жаңа маршруттарды ашу бойынша дайындығын бастап кетті: Алматы – Тбилиси және Алматы – Самара.



3. 2010 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

НАУРЫЗ

«Эйр Астана» АҚ Эрбас 320 тобының әуе кемелерінде ұшуларды орындау процедураларына жаттығулар өткізу үшін алғашқы жетілдірілген EVPT виртуалды тренажерын сатып алу жөнінде жариялайды. Кейінірек Боинг 757/767 әуе кемелері үшін дәл сондай тренажер сатып алынады және сонымен қатар, Эмбраер 190 әуе кемелеріне арналған тренажердың жеткізіліміне тапсырыс беріледі. Әуекомпания Еуразияда алғашқы болып осындай жетілдірілген виртуалды тренажерларды сатып алды.

Ұлттық тасымалдаушы Delta Air Lines әуекомпаниясымен бірлесе отырып ұшқыштар үшін инструкторларды оқыту бағдарламасын іске қосты. Бұл компанияның ұзақ мерзімді перспективасында ұшу кадрларын дайындау бойынша жеке жаттығу орталығын құрудағы алғашқы қадамы болды.



EVPT жетілдірілген виртуалды тренажеры

МАМЫР

«Эйр Астана» АҚ 2002 жылдың 15 мамырында Алматы-Астана бағыты бойынша алғашқы рейстің орындалу күнінен бастау алған қызметінің 8-жылдығын атап өтті. Қызмет етуінің небәрі 8 жылы ішінде әуекомпания аймақтағы жетекші әуе тасымалдаушы мәртебесіне қол жеткізіп, 2,57 млн адамды құраған рекордтық жолаушы санын тасымалдап, штат санын 3000 адамға дейін өсірді.

Компания Skytrax компаниясының «Шығыс Еуропаның 2010 жылғы үздік әуекомпаниясы» рейтингінде үшінші орынды иеленді. «Эйр Астана» аталған рейтингте аты аталған ТМД аумағындағы жалғыз әуекомпания болып, бұл оның аумақтағы жетекшілік позицияларын сөзсіз көрсетіп берді.



ТАМЫЗ

Әуекомпания бес тілде қызмет ететін жаңартылған www.airastana.com корпоративтік веб-сайтын іске қосты. Сайттың жаңа дизайны тартымдырақ болып қана қоймай, сонымен қатар «Эйр Астана» және оның серіктестерінің рейстеріне брондалу кезінде пайдалануға өте ыңғайлы. Оның үстіне HRS компаниясымен арадағы серіктестік қарым-қатынастардың арқасында жаңа қызмет – 250 000 астам отельді онлайн брондау қызметі қосылды.

Бизнес класс салонында жаңа борттық ойын-сауық жүйесі – KCTV жеке мультимедиялық плейері енгізілді. KCTV жеке плейері жолаушылар назарына ең соңғы халықаралық және жергілікті жаңалықтарды, фильмдердің ең жақсы іріктемесін, телевизия, музыка және ойындар ұсынады. Аталған жоба «Эйр Астана» әуекомпаниясының ұсынылатын қызметтерді үнемі жетілдіру жолын ұстанатындығын көрсетеді.

Компания жергілікті кадрлық құрамды тұрақты дамыту саясатының шеңберінде Ab-initio ұшқыштарды бастапқы дайындау бағдарламасы бойынша жыл сайын 60 кадет оқытуға ниеттілігін жариялады. Бұл үлкен білім беру жобасы компания дамуының амбициялық жоспарларына сәйкес білікті ұшу кадрларын қамтамасыз етуге жағдай жасайды, сонымен қатар ол Қазақстан Республикасының кадрлық әлеуетін дамытудың мысалы болып табылады.

Standard & Poor's халықаралық агенттігі «Эйр Астана» АҚ корпоративтік басқару рейтингін GAMMA 6 деңгейіне дейін көтерді. Компанияның корпоративтік басқарылымы 2009 жылы 5+ деңгейінде бағаланған болатын. Қазіргі таңда S&P компаниясының «Эйр Астана» АҚ-на тағайындаған рейтингі Қазақстан Республикасындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Әуекомпанияның корпоративтік басқаруды тұрақты жетілдіру бойынша қолға алып отырған шаралары және әуекомпанияның Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы компанияның қаржыландыруды тарту мақсатымен капитал нарығына шығуының ұзақ мерзімді негізінің қалыптасуына үлесін қосады.



S&P компаниясының GAMMA рейтингін тағайындау жөніндегі куәлігі

ҚЫРКҮЙЕК

Ұлыбританияның авиациялық билігі жүргізген инспекция нәтижесінде «Эйр Астана» компаниясы Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігінің (EASA) 145-Бөлім бойынша әуе кемелеріне желілік техникалық қызмет көрсетуге берілетін рұқсат мерзімін ұзартты. EASA 145-Бөлім еуропалық директивасының талаптарына сәйкес болу әуекомпанияның ЕО аумағына ұшуларды орындауға салынған тыйымнан босатылу факторларының бірі болып табылады.

ҚАЗАН

«Эйр Астана» компаниясы 2011 жылдың 30 қаңтары мен 6 ақпаны аралығында Астана мен Алматы қалаларында өткізілген VII Қысқы Азия ойындарының ресми тасымалдаушысы болып танылды. Бұл кеңауқымды шара Қазақстанға 27 елден делегациялар мен мыңдаған турист қабылдап, туристік әлеуетін, ал әуекомпанияға өз қызметтерінің жоғары сапалылығы мен сенімділігін паш етуге мүмкіндік берді.





ҚАРАША

Ұлттық тасымалдаушы Ресейге, Тәжікстан, Өзбекстан мен Түркияға жаңа маршруттардың ашылуы жөнінде ресми хабарлады, бұл қадам маршруттық желіні дамыту жөніндегі жоспарлардан әдлекәйда ілгері болды. Жаңа маршруттар: Алматы – Душанбе, Ақтау – Ыстамбұл, Алматы – Ташкент, Алматы – Санкт-Петербург және Астана – Екатеринбург.

1903

АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Аэропланның алғашқы ұшуы 1903 жылдың 17 желтоқсанында Солтүстік Каролинадағы Китти-Хок атты жерде орын алды. Бұл – ұшқыш басқарған алғашқы орныққан басқарылмалы моторлы ұшу болды. Ағайынды Райт ұшағының конструкциясы. Авиация XX ғасырдың басында пайда болды. Алдымен ұшақтарға таңғажайып зат ретінде қарады; олар қозғалу құралынан гөрі сәндік әуестік болды.



II. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. ҚАУІПСІЗДІК

ЕО-тың ұшуларды орындау бойынша сертификациясы

2010 жылы «Эйр Астана» компаниясы Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ елдеріне ұшулар орындайтын жалғыз әуекомпания болды. 2009 жылдың шілде айында ЕО ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитеті «Эйр Астана» әуекомпаниясынан басқа Қазақстан Республикасының барлық әуетасымалдаушыларына ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті ИКАО аудитінің қауіпсіздік бойынша анықтаған барлық ескертулерді жойғанға дейін Еуропалық Одақ аумағына ұшуларды орындауға тыйым салу жөніндегі шешімін жариялады. Қазіргі уақытта «Эйр Астана» АҚ ЕО аумағына тек әрекеттегі жиілік деңгейі шеңберінде ғана ұшулар орындауды жалғастыруда.

«Эйр Астана» әуекомпаниясының «қара тізімнен» шығарылуы оның ұшуға жарамдылығын ұстап тұру және техникалық қызмет көрсетуі бойынша қадағалау Арубаның (әуекомпанияның әуе кемелері тіркелген мемлекет) және Ұлыбританияның (EASA Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі агенттігінің атынан «Эйр Астана» компаниясы АҚ техникалық қызмет көрсетуінің ұйымдастырылуына сертификация өткізуге өкілетті) беделді авиациялық билік органдары тарапынан жүзеге асырылуы фактына негізделген. Компания ҚР Азаматтық авиация комитетімен ұшулар қауіпсіздігін қадағалаудың мемлекеттік жүйесіндегі сәйкессіздіктерді жою бойынша белсенді ынтымақтастығын жалғастырып келеді.

Тренингтер

2010 жылы «Эйр Астана» АҚ жоғары халықаралық қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз ету саясаты шеңберінде операциялық менеджерлер, экипаждар, жерде қызмет көрсету қызметкерлері мен техникалық қызметкерлерді қарқынды түрде оқытуды жалғастырды. Әуекомпания ішкі корпоративтік оқыту мүмкіндіктерін кеңейтті, сонымен қатар есеп беру жылында біршама қызметкер жетекші халықаралық авиациялық ұйымдар мен компанияларға оқуға жіберілді.

Жыл ішінде «Эйр Астана» АҚ өндірістік қызметтерінің жетекшілік құрамы Ұшулар қауіпсіздігін басқару жүйесі бойынша CAAI-да (Ұлыбританияның Азаматтық авиация басқармасының еншілес тренинг өткізуші кәсіпорны) курстардан өтті. Компанияның сапа кепілдігі жөніндегі мамандары IATA аудиторлық курстарынан өтті. Корпоративтік қауіпсіздік және сапа кепілдігі департаментінің мамандары AeroTech Consulting корпорациясы (Австрия) өткізген ӘК мұзданудан қорғайтын сұйықтықпен өңдеу бойынша практикалық курстардан өтті.

2010 жылдың қарашасында «Эйр Астана» АҚ Эрбас компаниясының сарапшылары, аймақтық әуекомпаниялардың ұшу құрамы және авиациялық билік өкілдерінің арасында ең өзекті мәселелерді талқылауды мақсат етіп қойған Эрбас компаниясының ұшуларды өндіру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі аймақтық семинарының ұйымдастырушысы болды. «Эйр Астана» АҚ қызметкерлері сондай-ақ Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО), Эрбас, NATS (Ұлыбританияның әуе қозғалысын басқару жөніндегі ұлттық қызметі), сонымен қатар МАК (ТМД Мемлекетаралық Авиациялық Комитеті) сияқты жетекші халықаралық ұйымдар өткізген ұшулар қауіпсіздігі мәселелері бойынша арнайы семинарларға қатысты.

Аудиттер

2010 жылдың қыркүйек айында әуекомпания Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігінің (EASA) 145-Бөлімі бойынша әуе кемелеріне желілік қызмет көрсетуге берілген рұқсат мерзімін ұзартты. 145-Бөлім директивасының нормалары әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге және ұшақ конструкциясы элементтеріне бірқатар техникалық және өндірістік талаптарды бекітеді. Аталған талаптар әуетасымалдаушы тарапынан орындалып, ол өз кезегінде өкілетті аудитор тарапынан сертификациялануы керек.

EASA-ның 145-Бөлім бойынша берілген аталмыш рұқсаты Ұлыбританияның авиациялық билігі өткізген инспекция нәтижелеріне сәйкес ұзартылды. Желілік қызмет көрсетуді енгізу жөніндегі жобаны инвестициялау шеңберінде «Эйр Астана» ұшақ деңгелектері мен тежегіштерін капиталды жөндеуден өткізу, аккумуляторлық батареяларға қызмет көрсету бойынша көпфункционалды цехтары бар Авиациялық компоненттерді жөндеу орталығын ұйымдастырып, сонымен қатар аудиті Ұлыбританияның авиациялық билігінің соңғы инспекциясы кезінде өткізілген бақылаудың бұзбайтын әдістері учаскесін енгізді. «Эйр Астана» АҚ сондай-ақ EASA Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі агенттігіне қосымша мүмкіндіктердің ашылуы жөнінде өтініш берді. 2010 жылдың қыркүйек және қараша айларында аудиттерден сәтті өткен компания қызметтің аталған түрлеріне еуропалық билік органдарының рұқсатын алды. Жақын болашақта «Эйр Астана» АҚ сондай-ақ EASA тарапынан сертификатталған, ұшақ конструкцияларының құрылымдық элементтерін жөндеуден өткізу бойынша жаңа мамандандырылған цех ашуды жоспарлап отыр. Осы барлық жаңалықтарға ие бола отырып, әуекомпания Орталық Азия аймағында техникалық қызмет көрсету бойынша ең ірі әрі алдыңғы қатарлы орталыққа ие болатын болады.

«Эйр Астана» компаниясы EASA 66-Бөлім сертификатын алу үшін инженерлерді оқыту бағдарламасын іске қосты. 66-Бөлім директивасының нормалары 145-Бөлім стандарттары бойынша сертификатталған ұйымда қызмет ететін инженерлерге ӘК техникалық қызмет көрсету лицензияларын беруге талаптар бекітеді.

Әуекомпания 2011 жылдың 16-20 мамыры аралығында эксплуатациялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық аудиттен (IOSA) сәтті өтті.

Қызметкерлер құрамы

Өткен жылы Корпоративтік қауіпсіздік және сапа кепілдігі департаменті ағымдағы кадрларды оқытумен қатар тәжірибелі және жоғары білікті қызметкерлерді жұмысқа алуын жалғастырды. Инженерлік қамтамасыз ету және ұшу жарамдылығын ұстап тұру бойынша сапа кепілдігі менеджері қызметіне Ұлыбритания авиациялық билігі менеджері лауазымындағы қызметкер алынып, Ұлыбританияның сертификатталған инженері сапа кепілдігі консультанты қызметіне алынды. Инструктор-ұшқыш қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағдарламасының менеджері қызметіне тағайындалып, сонымен қатар командаға техникалық қызмет көрсету қауіпсіздігі бойынша екі үлесіруші қосылды. Ұшу апаратын мониторингтен өткізу департаменті де ұшу апараты сарапшысының қосымша позициясының қосылуы есебінен кеңейді.

2. ҰШУЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Эйр Астана» АҚ-ның ұшуларды ұйымдастыру бөлімінің қызметкерлеріне салатын инвестициялары ұшқыштар біліктілігі мен Қазақстандағы қауіпсіздік жүйесі деңгейінің өсуіне елеулі үлес қосады. Әуекомпания жергілікті ұшқыштар біліктілігін жоғарғы кластағы халықаралық деңгейге дейін көтеруге инвестиция салып, әрекеттегі экипаждардың үздіксіз оқуын қамтамасыз етеді.



Ab-initio кадеттері
Ұшқыштарды дайындау колледжі, АҚШ-тың Флорида штаты,
Мельбурн қ. Оқу орталығы

2010 жылы компания Delta Air Lines компаниясымен бірлесе отырып жасап шығарылған, барлық ұшқыштарға арналған жетілдірілген ұшу тренажерін қолдану арқылы желілік оқытудың стандартизациясы жобасын жүзеге асырды. Бұл жобаның негізгі бөлігі – инструкторларды оқыту бағдарламасы – іске қосылып, қазіргі уақытта оқыту Delta Air Lines компаниясының АҚШ-тың Джорджия штаты, Атланта қаласындағы бас офисінде өткізіледі. Әуекомпания ұзақ мерзімді перспективада Орталық Азияда алғашқы болатын, ұшқыштарды оқытудың жеке сындарлы орталығын ашуды жоспарлап отыр.

«Эйр Астана» компаниясы 11 Эрбас А320 ұшқышына және 12 Боинг В757/767 ұшқышына инструктор сертификатын беріп, тағы 30 инструктор оқытуды жоспарлап отыр. Инструкторларды оқыту бағдарламасы ұшқыштарды оқытатын кадрлардың жетіспеушілігі және Қазақстанда алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттарға сай оқыту

жүйесінің жоқтығы себебінен енгізілген болатын. Аталмыш бағдарлама әуекомпанияға Қазақстандағы ұшқыштардың біліктілігін халықаралық деңгейге дейін көтеруге мүмкіндік беріп, сонымен қатар ұлттық тасымалдаушының ел ішінде кәсіби мамандар базасын дамытуға және экономика диверсификациясына үлес қосуының көрнекті мысалы бола алады.

Оның үстіне «Эйр Астана» АҚ Еуропадағы ұшқыштарды дайындау бойынша үздік орталықтардың бірі, Уотерфордта (Ирландия) және Флоридада (АҚШ) орналасқан Ұшқыштарды оқыту колледжіне кадеттерді іріктеу мен оқытуды жалғастырып келеді. 2010 жылы әуекомпания 29 жаңа кадет іріктеп алып, оларды Ab-initio ұшқыштарды бастапқы дайындау бағдарламасы бойынша оқуға жіберді. Ab-initio бағдарламасы 2008 жылы іске қосылды. 2009 жылы таңдалынып алынған 17 кадет бағдарламаны аяқтап, Қазақстанға оралды.

Наурыз айында «Эйр Астана» компаниясы Еуразияда алғашқы болып Эрбас А320 тобының ӨК жүргізуді үйрету және дағдыларды дамыту үшін EVPT жетілдірілген виртуалды тренажерін сатып алды. Бұл тренажерлер нарықта өзін мойындатқан жетекші компания – «Аэросим» компаниясымен бірлесе отырып жасап шығарылды. Мамыр айында Боинг В757/767 әуе кемелері үшін қосымша тренажерлер орнатылды. 2011 жылы Эмбраер Е-190 әуе кемелеріне арналған ұшу тренажерін орнату жоспарланып отыр.


Мамыр айында әуекомпанияның тез өсуі және ұйымдық құрылымының жетілуі нәтижесінде Ұшуларды ұйымдастыру департаменті үш бөлімге бөлінді: Оқыту және ұшуларды өндіру стандарттары департаменті, Жоспарлау

бөлімі және Ұшуларды ұйымдастыру бөлімі. Соңғысы бас ұшқыштар бөлімшесі, әкімшілік және кітапхана секторынан тұрады.

2010 жылдың соңында Эмбраер Е190 жаңа аймақтық реактивті әуе кемелерінің жеткізілуі және қолданысқа енгізілуі қарсаңында әуекомпания департаменттің ұйымдық құрылымына жаңа лауазымдар енгізді, атап айтқанда: Оқыту және ұшуларды өндіру стандарттары жөніндегі директор, Ұшуларды ұйымдастыру жөніндегі директор, Эмбраер Е190 бас ұшқышы және Эмбраер Е190 техникалық ұшқышы. Желтоқсан айында ұлттық тасымалдаушы бас ұшқыш жетекшілігімен алғашқы ұшқыштар тобын Ле Бурже әуежайына (Франция) ұшу қауіпсіздігі бойынша әуе кемесінің бір типінен екінші типіне қайта мамандану курсына жіберді.



EVPT жетілдірілген виртуалды тренажері



1910

МОНОПЛАН ЖӘНЕ БИПЛАН

1910 жылға қарай ұшақтар барлық негізгі компоненттеріне ие болды: фюзеляж, қанат, қанаттану, шасси және күш қондырғысы (әуе винтты қозғалтқыш).



3. ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2010 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы өз әуе кемелеріне дербес инженерлік-техникалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне әжептәуір қаражат құйды. Әуекомпания әуе паркіне техникалық қызмет көрсетуді техникалық бағдарламамен толық сәйкестікте табысты орындап, әрекеттегі парктің үздіксіз эксплуатациясын қамтамасыз етті.

Дәл осы кезеңде департамент басшылығы құрамы жаңа Негізгі техникалық қызмет көрсету жөніндегі менеджер, Желілік техникалық қызмет көрсету жөніндегі менеджер, Инженерлік қамтамасыз ету жөніндегі менеджер және Инженерлік қамтамасыз ету жөніндегі директордың тағайындалуы есебінен күшейтілді. Департаменттің ұйымдық құрылымына да қажетті өзгерістер енгізілді.

Сонымен қатар Авиацялық компоненттерді жөндеу бойынша жеке орталықты ашу жұмыстары жалғасын тауып отырды. Аталған орталықта «Эйр Астана» АҚ ұшақ дөңгелектері мен тежегіштерін капиталды жөндеуден өткізу цехы, аккумуляторлық батареяларға қызмет көрсету цехы, бақылаудың бұзбайтын әдістері учаскесі, сондай-ақ ұшақ конструкцияларының құрылымдық элементтерін жөндеу цехтарынан құралған, ұшақтан алынған жөделген компоненттерге қызмет көрсету мен оларды жөндеуден өткізу цехтарын техникалық қызмет көрсетудің осы салаларында толық дербестікке ие болу мақсатымен дамытып жатыр. EASA Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі агенттігіне қосымша мүмкіндіктердің ашылуына өтініш берілді. Компания 2010 жылдың қыркүйек және қараша айларында аудиттерден сәтті өтіп, еуропалық билік органдарынан қызметтің аталған түрлерін жүргізуге рұқсат алды.

Жаңа орталық Қазақстандағы жалғыз және Орталық Азия аймағында өзі тектес орталықтардың ең үздігі болып табылады. Оның эксплуатацияға енгізілуі «Эйр Астана» компаниясына компоненттерді жөндеуге шетелге жіберудің орнына барлық жұмыстарды Алматыда орындап қана қоймай, сонымен қатар аймақтағы басқа тасымалдаушыларға қызмет көрсетіп, табыстың қосымша көзін ашуға мүмкіндік берді.

Ақпан айында «Эйр Астана» АҚ алғашқы рет Алматыда құспен қақтығысқан Боинг В767 әуе кемесінің қозғалтқышын ауыстырды. Әуе кемесі 24 сағат ішінде эксплуатацияға оралды. Қаңтар-мамыр айлары аралығында Ұлыбританияның АТС Lasham техникалық орталығы Эрбас А320 тобының ӘК-де С-чек серияларын – кеңейтілген техникалық қызмет көрсету процедураларын өткізді, барлық ӘК эксплуатацияға кесте бойынша қайтарылды. Шілдеде әуекомпания В757 әуе кемелеріне С-чектер өткі-

зуге тапсырыс берді. Бұдан бөлек, 2010 жылдың алғашқы бес айы ішінде Нидерландтағы Фоккерге техникалық қызмет көрсету қызметі Д-чек – Фоккер 50 флоты үшін ең кеңейтілген капиталды техникалық қызмет көрсетуді өткізді.

Инженерлік-техникалық қызмет көрсету департаменті Алматы және Астана аэродромдарында әуе кемелеріне қызмет көрсету жұмыстарын тиімдірек ұйымдастыруға қажетті жабдықтардың тізімін бірте-бірте кеңейтуде. Мысалы, кіші механизация құралдары – жабдық тасымалдайтын жүк сүйрегіштер, басқыштар, жеңіл баспалдақтар сатылып алынды. Сондай-ақ Алматыға үлкен буксирлік сүйрегіш жеткізіліп, жүргізушілер өндіруші зауытта оқытудан өтті; осылайша ұшақтың паркинг аймағынан ангарға техникалық қызмет көрсетілу үшін апарылуына кететін уақыт үнемделеді.

Департамент сондай-ақ оқытуға инвестиция салуды жалғастырып отыр. Төрт инженер Ұлыбританиядағы Брунелль Университетінде оқуын және Ұлыбританиядағы әуе кемелеріне қызмет көрсету цехтарында тағылымдамадан өтуін жалғастыра түсті. Олар 2011 жылы EASA 145-Бөлім бойынша техникалық қызмет көрсету сертификаттарына ие жоғары білікті мамандар болып оралады деп күтілуде. Әуекомпания инженерлері үшінші тараптарға техникалық қызмет көрсету мүмкіндіктерін дамыту шеңберінде А330 және В747-800 типіндегі әуе кемелер бойынша оқуды табысты аяқтады, олар қазіргі уақытта ең соңғы В747-400 әуе кемесіне Cargolux жүк тасымалдау әуе компаниясымен (Люксембург) тығыз ынтымақтастықта қызмет көрсету жұмыстарын орындауға мамандандырылған.

«Эйр Астана» АҚ қыркүйек айында (EASA) Еуропалық авиацялық қауіпсіздігі агенттігінің 145-Бөлім бойынша әуе кемелеріне желілік техникалық қызмет көрсетуге берген рұқсат мерзімін ұзартып алды. 145-Бөлім директивасының нормалары әуе кемелеріне және ұшақ конструкциясының элементтеріне техникалық қызмет көрсетуге бірқатар техникалық және өндірістік талаптар бекітеді. Аталған талаптар әуетасымалдаушы тарапынан сақталуы керек, ол өз кезегінде өкілетті аудитор тарапынан сертификатталған болуы керек. Сертификация компанияның өз ұшақтарына да, үшінші тарап әуе кемелеріне де техникалық қызмет көрсету құқығын растайды.



Авиацялық компоненттерді жөндеу орталығы (Алматы қ.)



Ұшақ дөңгелектері мен тежегіштерін жөндеу цехы (Алматы қ.)

4. БОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ


2010 жылы «Эйр Астана» АҚ-ның борттық қызмет саласындағы жетістіктері компанияға аймақтық бәсекелестер аясында ерекшеленіп, жетекші әлемдік әуекомпаниялармен бір қатарға тұруға мүмкіндік берді.

Тамыз айында ұлттық әуе тасымалдаушы бизнес-класс салоны жолаушыларына арналған су жаңа борттық ойын-сауық жүйесі – KCTV жеке мультимедиялық плеерін енгізді. KCTV жеке мультимедиялық плеері жолаушылар назарына ең соңғы халықаралық және жергілікті жаңалықтар, классикалық киноның ең жақсы іріктемесін, телевизия, музыка мен ойындар ұсынады. Әуекомпания эконом-класс салонында халықаралық фильмдер таңдауын кеңейтіп, қазір өз жолаушыларына неміс, көріс, қытай, хинди және араб тілдеріндегі фильмдерді ұсынады.

Компания бизнес-класс салонында Боинг 757 ұшақтарының креслоларының және дәретхана бөлмелерінің модификациясын өткізді. Аталған модификация жолаушыға түймені бір басу арқылы өз креслосын ыңғайлы ұйықтау орнына айналдыруға мүмкіндік береді. 2011 жылы «Ұйықтау бизнес-классы» Боинг 767 ұшақ борттарында іске қосылады.

«Эйр Астана» АҚ танымал қазақстандық және халықаралық брендтермен келісім-шартқа отырып, бортқа жарнама орналастыру арқылы табысын ұлғайтуды жалғастырды. Әуекомпания сондай-ақ танымал Мери Кей брендінің косметикасын тарату компаниясын өткізді.

Әуекомпания ұл балаларға арналған жаңа жиынтықтарды шығару арқылы борттық өнімді жақсартуды жалғастырып келеді: тек кішкентай жолаушыларды ғана емес, олардың ата-анасын да қызықтыратын ойыншықтары, пазлдары және жол заттары бар, «Эйр Астана» әуекомпаниясының ұшағы пішініндегі рюкзақтар. Сонымен қатар қыз балаларға арналған «бақытты сусиыр» атты аса танымал дорбалар жиналды. Балаларға арналған жиынтықтардың аталмыш жобасы 2009 жылы іске қосылған болатын. 2011 жылдың ақпан айындағы есеп беру кезеңінен кейін «Эйр Астана» әуекомпаниясы Airline Amenity Bag Awards 2010 жылдық премиясы шеңберінде көптеген үлкен бәсекелестерді айналып өтіп, «Балаларға арналған үздік жиынтық» номинациясында жеңімпаз атанды. Ересек жолаушылар үшін «Эйр Астана» АҚ эконом-класстағы жолға арналған жиынтықтардың дизайнын жаңартты. Енді жиынтықтар компанияның корпоративтік логотипімен белендіріліп, ашық көгілдір түсті болып келеді.



Борттық тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімі шығындарды қадағалау бағдарламасымен бірге тамақ сапасын жақсарту жөніндегі бағдарламаны жалғастыра түсті. Еуропалық борттық тамақтандыру қызметінің жеткізушілері арасында тендерлер өткізіліп, сонымен қатар Абу-Даби және Санкт-Петербург қалаларының әуежайларында екі жаңа борттық тамақтандыру станциясы жеткізушілер тізіміне қосылды. Жыл ішінде «Эйр Астана» компаниясы өткен жылмен салыстырғанда борттық тамақтандыру қызметінің жалпы бағасын әр жолаушыға шаққанда 6% төмендетумен бірге қызмет көрсету сапасы мен стандарттарын жетілдіруге жіті көңіл бөле отырып, қазақстандық борттық тамақтандыру жеткізушілерімен бірлесіп тығыз жұмыс жасап отырды.

Бұл жыл сондай-ақ Бортсеріктер қызметі үшін де сондай табысты болды. 2008-2009 жж. дағдарыстық кезеңнен кейін қызметкерлерді жалдау жандана түсіп, 108 жаңа топ мүшесі бортсерікатағын алу мүмкіндігіне ие болды. Қызметкерлерді жалдау және кіріспе оқыту шараларынан бөлек, оқыту және стандартизациялау бөлімінің тобы қызмет


көрсету және экипаж жұмысын оңтайландыру жөніндегі толық бағдарламаны жүзеге асыра отырып, әрбір экипаж мүшесі үшін апатты-құтқару жабдығы мен процедуралар бойынша үш жылдық аккредитация бағдарламасын аяқтады. Сонымен қатар оқыту және стандартизация бөлімі супервайзерлер мен олардың менеджерлеріне арналған жетекшілік және жаттықтырушылық дағдылар бағдарламасын енгізу мақсатымен жетекшілік қасиеттер жөніндегі Жаттықтырушы позициясын енгізді. Оның үстіне Борттық қызмет департаментінің төрт мүшесі «Air Astana дарындары» MBA бағдарламасы бойынша оқуға кірісті.

«Эйр Астана» АҚ-ның клиенттерге қызмет көрсетуге қосқан жалпы үлесі өткен жылы ұлттық тасымалдаушыға жолаушылар пікіріне сауалнама жүргізу негізінде «Шығыс Еуропаның үздік әуекомпаниясы» номинациясында үшінші орын тағайындаған SkyTrax компаниясы тарапынан бағаланды. Аталған номинация шеңберінде ұшу персоналы және борттық тамақтандыруды ұйымдастыру бөліміне бес жұлдыз ішінен төрт жұлдыз берілді.

1919

ЕКІ СОҒЫС АРАСЫНДА

Алғашқы дүниежүзілік соғыстың аяқталғанынан кейін соғыс әуелайнерлерін бейбіт мақсаттарда қолдану мүмкін болды. 1919 жылы Еуропаның ірі қалалары арасында жүйелі әуе қатынасы ашылды. Осы жылдың ақпан айында Берлин – Веймар жолына неміс ұшақтары шығып, 22 наурызда «Фарман әуежолдары» француз компаниясы Париж бен Брюссель арасын жалғады. Бұл рейс Фарман F-60 «Голиаф» француз ұшағының дебютына айналды.



5. ЖЕРДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



Тіркеу



Багажды бортқа жүктеу

Есеп беру жылында «Эйр Астана» АҚ маршруттық желіні кеңейту, тіркеу процедурасын жеңілдету, трансферларды тездету және бизнес-класс жолаушылары мен Nomad клубының алтын картасының иегерлері үшін күту залдарын жақсарту арқылы жолаушыларға әуежайда қызмет көрсетуді жетілдіруге инвестиция салды.

Екатеринбург, Куала-Лумпур, Санкт-Петербург (Пулково әуежайы), Ташкент және Душанбе қалаларында жаңа жерде қызмет көрсету станциялары ашылды. Аталған станциялар әуекомпанияның жаңа бағыттарында қызмет көрсетіп, менеджерлері тарапынан қадағаланып, ең жоғары халықаралық стандарттарға жауап береді. 2011 жылы компания Самара мен Тбилисиде жаңа станциялар ашуды жоспарлап отыр.

«Эйр Астана» әуекомпаниясы сонымен қатар жолаушыларға халықаралық бағыттарда жаңа жоғары класстық қызметтерді ұсыну арқылы әуежайда қызмет көрсетуге инвестиция салды. 2010 жылы Бангкокте, Куала-Лумпурда, Лондондағы Хитроу әуежайында және Стамбулда бизнес-класс салоны жолаушылары және Nomad клубының алтын картасының иегерлері үшін кедендік және қауіпсіздік қызметінің тексеруінен өтудің жылдамдатылған процедурасы қызметі енгізілді. Оған қоса бизнес-класс күту залдары Пекин қаласының халықаралық астаналық әуежайында және Бангкок пен Куала-Лумпур әуежайларында бірінші класс деңгейіне дейін жетілдірілді. Әуекомпания 2011 жылы Астанада бизнес-класс жолаушылары үшін жаңа күту залын ашуды жоспарлауда.


«Эйр Астана» АҚ келесі әуе жолдарымен жолаушыларды соңғы нүктеге дейін тіркеп, түйісу рейсі процесін жеңілдетіп әрі саяхаттауды ыңғайлырақ етуге мүмкіндік беретін жаңа келісімдерге қол қойды: Этихад, Абу-Даби әуежайы арқылы; Түрік Әуе Жолдары, Стамбул қаласындағы әуежай арқылы; Малайзия әуе жолдары, Куала-Лумпур арқылы; сондай-ақ Alitalia, бірнеше еуропалық әуежай арқылы. Одан бұрын осындай келісімдер Lufthansa,

Австрия әуе жолдары, BMI, British Airways, KLM, Delta Air Lines, Continental Airlines, Thai Airways, Bangkok Airways және Asiana компанияларымен арада жасалған болатын.

«Эйр Астана» АҚ сондай-ақ Алматы әуежайы арқылы өтетін жолаушылар транзитін жетілдіру мүмкіндіктерін іздестіруді жалғастыра түсті. Компания қала әуежайының кедендік және иммиграциялық қызметтерімен Алматы қ. түйісу әуежайы арқылы келесі межелі орындарға саяхаттайтын жолаушылар өтуі тиіс процедураларды оңайлату және тездету бойынша жұмыс өткізді. Қазір барлық жолаушылар «Эйр Астана» компаниясының Алматы қ. арқылы өтетін кез-келген рейстеріне тіркеліп, отырғызу талондарын алып, Алматыда тіркеуден өту қажеттілігінсіз тек жөнелтілім әуежайында багажды тіркеуден өткізе алады. Сонымен қатар әуежайдың ұшып келу зонасында транзиттік жолаушыларға жәрдемдесу орны ұйымдастырылды. Процедуралар жеңілдетілгендіктен, Алматы арқылы межелі орындарға ұшатын жолаушылар саны көбейіп үлгерді. Бұдан бөлек, ұлттық тасымалдаушы Қазақстанның аймақтық әуежайларында қызметкерлерді оқытуға инвестиция салуды жалғастырып отыр және ТМД-ның бүкіл авиациялық қауымдастығы үшін маңызды бастама болып табылған қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша ИАТА нұсқаулығының орыс тілінде басылуына көмегін тигізді.

Мәскеу қаласының Шереметьево әуежайында «Эйр Астана» әуекомпаниясы жаңа Е терминалына көшіп, жолаушыларға Ресей астанасынан/астанасына «АэроЭкспресс» экспресс-пойызымен жайлырақ және ыңғайлырақ жеткізілуіне жағдай жасады.

Дели әуежайында әуекомпания әлемдік деңгейдегі қызмет көрсетілетін заманауи құрылыс – жаңа 3-Терминалға көшті. Аталған шара осы терминалда Kingfisher, Jet Airways және басқа әуекомпаниялардың рейстерінде ішкі үндістандық бағыттарда трансферлік тасымалды пайдалану мүмкіндігін береді.



1919

ЕКІ СОҒЫС АРАСЫНДА

1919 жылдың мамыр айында соғыс уақытында бомбалаушы ретінде пайдаланылған «Хэндли Пейдж-0/400» лайнері Лондон мен Манчестер арасындағы бағытты ашты.



6. САТУЛАР ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

Сату арналары

Өткен жыл «Эйр Астана» компаниясы үшін жолаушылар саны және табыс көлемі бойынша рекордтық жыл болды, өсім барлық сату арналарында, әсіресе 2009 жылы тікелей сату арналары ашылғаннан кейін байқалды. 2010 жылдың соңына қарай Қазақстанда билет сатып алған барлық жолаушылардың 15% тікелей сату офистерін пайдаланып, компания табысын ұлғайтты.

Тікелей сатуларға деген сұраныстың артуы Алматы қаласында «Нұрлы Тау» бизнес-орталығында жаңа үлкен офис ашу қажеттілігіне алып келді. Билеттерді брондау және жазып берумен қатар, жаңа офисте брэндтелген тауарларды сатып, осылайша табыстың қосымша көзін дамытудың мүмкіндіктері бар.

Есеп беру жылының тамыз айында компания веб-сайтының жаңартылуы онлайн сатулардың өсуіне септігін тигізді. Сайттың жаңа дизайны визуалды түрде тар-

тымдырақ және пайдалануға ыңғайлырақ. Сайтта жолаушыны белгілі бір күн немесе белгілі бір рейске бекітілген тарифпен шектемей, оған мүмкін болатын ең тиімді тариф табуға мүмкіндік беретін ең арзан тариф іздеу қызметі қосылды. Бұл веб-қосымша 2010 жылы «Алдын-ала сату» бағдарламасын іске қосу кезіндегі негізгі құрал болды. Қосымша ретінде интерлайн-келісімдері шеңберінде серіктес әуекомпаниялардың рейстерін брондау мүмкіндігі пайда болды, бұл әуекомпания қызметтер пакетін айтарлықтай кеңейтті. Одан бөлек HRS компаниясымен (отельдерді онлайн брондау жүйесі) серіктестік шеңберінде Nomad Club мүшелері үшін арнайы шегерімдері бар, дүние жүзі бойынша 250 000 астам отель ұсынатын жаңа функциялар қосылды.



Дистрибуция

Бұл арада билеттерді туристік агенттіктер арқылы сату 2010 жылғы табыстың негізгі көзі болып қалып отырды. Туристік агенттіктерді қаржылай көтермелеу бағдарламасы (TAIS) Қазақстан, Германия, Түркия, Корея мен Тайландта көбірек агенттерді қамту үшін кеңейтілді. Сатулар және маркетинг департаменті негізгі агенттерден келіп түскен өтініштермен жұмыс істеуді жалғастыра отырып, бүкіл ел ішінде агенттер үшін көптеген семинарлар ұйымдастырып, сонымен қатар елшіліктер мен үлкен отельдермен бірлесе ұйымдастырылған, негізгі маршруттарды дамытуға бағдарланған тай және керіс тағамдары фестивалі сияқты әлеуметтік шаралардың серіктесі ретінде әрекет етті.

«Эйр Астана» АҚ сатулар және маркетинг департаменті сауда көрмелеріне, соның ішінде Берлиндегі ITB, Бейжіңдегі COTTM, Тайландтағы TAA, Үрімшідегі көрме, KITF және Алматыдағы. Kioge көрмесіне, сонымен қатар «Мұнай және Газ. Инфрақұрылым» атты Ақтау қаласында өткізілген аймақтық көрмеге қатысты. «Эйр Астана» компаниясы сондай-ақ Үнді-Қазақстандық туризм және саяхат көрмесін ұйымдастыру және оған серіктестер тартуда және пресс-турлар ұйымдастыруда басты рөл ойнады.

Әуекомпания сандық медиаға арналған Халықаралық Конференция, «Jazzystan» Халықаралық музыка фестивалі сияқты көптеген табысты мәдени шараларға демеушілік көрсетті. «Эйр Астана» АҚ Қазақстандық регби одағы және ұлттық регби құрамасы сияқты әртүрлі спорт федерацияларының ресми тасымалдаушысы болуын жалғастырды. Әуекомпания есеп беру жылында сондай-ақ гольфтан өткізілген ашық турнирге демеушілік көрсетті. Бұдан бөлек компания аймақтағы соңғы жылдар ішіндегі жоғары деңгейдегі іс-шара – 2011 жылғы VII қысқы Азия ойындары ресми тасымалдаушысы болды.

BSP шеңберінде агенттік бағдарлама жасап шығару Кеңесінің (APJC) төрағасы ретінде «Эйр Астана» әуекомпаниясы Қазақстанда өзара есептесулер жүйесіне (BSP) кіруге қажетті жергілікті қаржылық критерийлерді белгілеу мен олардың арасалмағы мәселелері бойынша туристік қауымдастықпен келіссөздер жүргізді. Аталған жүйе мүше компаниялардың қаржылық мүдделерін, сонымен бірге IATA мүше-агенттерінің мүдделерін қорғау үшін қажет. APJC-мен келісімге қазан айында қол жеткізіліп, қараша айында жолаушы тасымалы бойынша өткізілген IATA конференциясында бекітілді.

Жаһандық Дистрибуция Жүйесінің (GDS – сондай-ақ Брондау жүйесі атымен белгілі) қызмет көрсетуін мемлекеттік реттеудің 2005 жылы АҚШ-та және 2009 жылы ЕО елдерінде жойылуынан соң әуекомпаниялар бүгінгі таңда брондау қызметтерін көрсету шарттарын дербес түрде келісіп, осылайша дистрибуцияға кететін шығындарды оңтайландыра алады. «Эйр Астана» компаниясы 2010 жылы дистрибуция жүйесінің негізгі серіктестерімен келіссөздер процесін бастап, оны табысты аяқтады.

Маршруттық желінің кеңеюі

2010 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы жаңа маршруттардың айтқысыз жоғары санын ашты. Қазақстан мен шетелдерде брошюралар, радио және билл-бордтарда жарнама орналастыру арқылы, сонымен қатар туризм, индустрия және саясат саласында бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып белсенді жарнама кампаниясы өткізілді.

Батыс Қазақстандағы маршруттық желі Фоккер 50 алтыншы ұшағын эксплуатацияға енгізгеннен соң айтарлықтай кеңейді. Бұл қосымша ұшақ Ақтаудан Амстердамға Атырау арқылы бет алған мұнай-газ секторының жұмыскерлері үшін қосымша түйісу рейстерін ашу мақсатымен Ақтау және Атырау қалалары арасындағы рейстер жиілігін үлкейтуге мүмкіндік береді. Аталған бағытты дамыту үшін «Эйр Астана» АҚ сатулар бөлімі барлық негізгі корпоративтік клиенттерді хабардар етіп, сонымен қатар бірқатар агенттік семинарлар өткізді. Атырау қаласынан Оралға және Ақтөбеге жаңа және қосымша рейстер ашылды.

Қосымша аймақтық маршруттар ашу «Эйр Астана» компаниясының Орталық Азия жетекші әуетасымалдаушысы

сы мәртебесін бекітті. Жаңа Алматы – Үрімші рейсі 2010 жылдың шілдесінен аптасына үш рет орындалу жиілігімен эксплуатацияға енгізілді. Күзде және жазда Алматыдан Ташкентке (Өзбекстан) және Душанбеге (Тәжікстан) қатынайтын екі маршрут ашылды. Аталған жаңа аймақтық маршруттар Алматы қаласының әуежайын түйісу әуежайы ретінде пайдалана отырып, Орталық Азия елдері арасындағы транзитті дамытуда маңызды болды.

Арасынша, Малайзия туризм ұйымымен өзара әрекеттестік арқасында ашылған, алғашында маусымдық рейс (қысқы навигация кезеңіне) ретінде жоспарланған Алматы–Куала-Лумпур маршруты өзінің табыстылығын дәлелдеп, 2010 жылдың сәуір айынан бастап жазғы навигация кезеңіне ұзартылды. 2010 жылдың қазан айынан бастап рейстің орындалу жиілігі аптасына екі ретке дейін көбейтіліп, ол өз кезегінде Алматы – Мәскеу рейстеріне тоғысуға мүмкіндік беріп, Ресей Федерациясы мен Малайзия арасында жаңа сату нарықтарын ашады. 2010 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы желінің арықарай кеңеюі орын алып, жаңа Алматы – Санкт-Петербург және Астана – Екатеринбург маршруттары ашылды.



Берлин қ. ITB көрмесінде



Жиі ұшатын жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы

«Эйр Астана» АҚ-ның Біріккен Араб Әмірліктеріне орындайтын рейстері Дубай эмиратының Азаматтық авиация департаментінің 2010/2011 қысқы навигация кезеңіне әуе қатынасын орындау құқығына рұқсат бермеуі салдарынан айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Дегенмен де БАӘ астанасы – Абу-Даби қаласына әуе қатынасын орындауды ұйымдастыруға коммерциялық құқықтар уақтылы беріліп, кейін бұл рейс Дубай қаласына орындалатын рейсті алмастырды. Бұл жаңа рейсті қолдау үшін Абу-Даби ұлттық тасымалдаушысы – Этихад компаниясымен электрондық билеттерді сату бойынша интерлайн-келісімі және арнайы прорейттік тарифтер жөнінде келісім жасалды. Этихад компаниясымен арада 2011 жылы жүзеге асырылуы тиіс жаңа ынтымақтастық сфералары, соның ішінде 2011 жылдың ақпан айында енгізілген еркін динамикалық код-шеринг айқындалды.

Nomad клуб жиі ұшатын жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы мүшелерінің саны «Элит» санатындағы 4000 мүшені есепке алғанда, 74361 адамға жетті. Астанадағы Radisson SAS және Rixos, Алматыдағы Rixos және Достық және Ақтаудағы Grand Victoria сияқты бірнеше отельмен, сондай-ақ Алматыдағы Line Brew мейрамханасымен және Rixos отелінің бүкіл жүйесі бойынша әлемдік деңгейде негізгі серіктестік келісімдер жасалды. Бұл келісімдер Nomad клубына мүше болудың қосымша артықшылығына айналып, сонымен қатар әуекомпанияға қосымша табыс әкелді.

Клуб мүшелерінің артықшылықтары сондай-ақ жыл ішінде күміс және алтын карточка иегерлері үшін тегін багаж тасымалы нормасын үлкейту және карта иегерінің қалауы бойынша кез-келген тұлғаға қызмет көрсету класын жоғарылату құқығын беру мүмкіндігі сияқты қызметтерді қосу арқылы айтарлықтай кеңейтілді.

7. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОММЕРЦИЯ

2010 жылы «Эйр Астана» АҚ негізгі корпоративтік платформаларды енгізіп, әрекеттегі жүйелерді жетілдіріп, ақпараттық технологияларға инвестиция салуды жалғастырды.

Жыл Mercury жүйесін алмастырған жаңа MonaLisa табыстарды басқару жүйесін енгізуден басталды. Корпоративтік веб-сайт екі қосымша тілмен толықтырылып, веб-сайттың өзі кейінірек жетілдірілген заманауи платформа негізінде құрылған жаңа интерфейс көмегімен модернизацияланды. Жаңа портал отельдерді брондаудың жаңа мүмкіндігімен және арнайы тарифтерді ыңғайлырақ брондау үшін енгізілген бөлек қосымшамен жабдықталған. Онлайн са-тулар танымалдылығының деңгейін көтеру мақсатымен маршруттық желіден тыс орналасқан 24 қала интер-лайн брондау ретінде қосылды. Сонымен қатар онлайн алаяқтықтың алдын алу бойынша жаңа шаралар ойластырылып, енгізілді.

Барлық сфераларда шығындарды оңтайландыру саясатына сәйкес iCargo жүк операцияларын автоматтандырылған түрде есепке алу бағдарламасы бойынша келісім-шарт қайта қаралды. Техникалық жабдықтау департаменті кедендік тазалау процедураларын жүзеге асыру үшін TRAX әуе кемелерге техникалық қызмет көрсету жүйесіне интеграцияланған жаңа қосымшасын ұсынды.

Қызметкерлерді жетілдіру жоспарының шеңберінде ақпараттық технологиялар департаментінің қызметкерлері әртүрлі сертификаттарға ие болды: Oracle мәліметтер базасын Linux платформасында қолдау, Microsoft Certified IT Professional (MCITP), Microsoft Certified Technology Specialist (MCTS), Cisco жабдығымен жұмыс істеуге, Ақпараттық технологиялар инфрақұрылымы кітапханаларын енгізу бойынша (ITIL).

Жаңа веб-сайт



HSBC Nomad club несие картасы

Ақпараттық технологиялар бөлімі үшін 2010 жылдың ең үлкен жобасы наурыз айының соңында «Самұрық-Қазына» ҰҰҚ» АҚ бастамасымен бастау алған кәсіпорынды басқару жүйесін (ERP) енгізу болды. Жүйе әуекомпанияның негізгі бизнес-процестерінен тұрады: қаржыландыру, бюджет және жоспарлау, сатып алуларды жүзеге асыру, инвентаризация, төлем ведомосы және қызметкерлер құрамымен жұмыс істеу функциялары. Басқа да енгізілген қосымшалар қатарында: қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі электрондық билеттің енгізілуі, смс хабарландырулардың жетілдірілген жүйесі және түйіндемелерді онлайн режимінде жіберуге арналған қосымша.

Бұдан бөлек, резервтік колл-центр енгізудің алғашқы фазасы аяқталды, 2D штрих-кодты отырғызу талондарына арналған сканерлерді енгізу бойынша жұмыстар жалғасын тапты. Сондай-ақ компьютерлік сауаттылық бойынша жаңа бағдарлама іске қосылды. Ақпараттық технологияларды корпоративтік ортада қолдануға қажетті біліммен қамтамасыз ететін бұл курс қызметкерлер дағдыларының арықарайғы дамуына бағытталған және күнделікті жұмыстың орындалу тиімділігін арттырады. Қосымша табысты арттыру бастамаларын қолдау ретінде HSBC банкімен 2011 жылдың мамыр айынан бастап HSBC Nomad club ортақ несие картасын шығару жөнінде келісім жасалды. Аталған карта иегерлері әрбір сатып алу сайын Nomad Club-тың әдеттегі артықшылықтарына қосымша ретінде тегін билетке қосымша балдар жинақтайтын болады.

1925

ЕҢ СЕҢІМДІ ЖОЛАУШЫ ҰШАҒЫ

1925 жылы АҚШ-та «Ең сенімді жолаушы ұшағы» атты конкурс өтіп жатты. Бұл конкурста голландиялық «Фоккер» фирмасының ұшағы ең табысты болып танылды. Конкурстың басталуына бірнеше апта қалғанда фирма инженерлері «Фоккер» F.VIIa бір моторлы жолаушы ұшағын үш моторлы «Фоккер» F.VII/3m ұшағына айналдырып, лайнер сенімділігі арта түсті – бір қозғалтқыштың істен шығуы сөзсіз апатқа алып келетін еді, ұшқыш қалған екі қозғалтқышпен машинаны аэродромға дейін жеткізе алатын еді немесе амалсыз қонуға жер таңдай алатын еді



III. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Есеп беру жылында жаһандық авиациялық индустрия 2009 жылдың экономикалық дағдарысынан кейін қалпына келе бастады. Алайда, мұнай бағаларының көтерілуі және тиісінше 2011 жылдың басында авиациялық жанармай құнының өсуі нәтижесінде «Эйр Астана» АҚ басқа әуекомпаниялар сияқты әртүрлі тәуекелдерге тап болды. Тәуекелдерді анықтау және олардың қаржылық және операциялық көрсеткіштерге ықпалын төмендету үшін компанияда тәуекелдерді басқару жүйесі әрекет етеді.

Төменде «Эйр Астана» АҚ басшылығының әуекомпания үшін негізгі тәуекелдер ретінде анықтаған тәуекелдердің тізімі келтірілген. Алайда бұл тізім мейлінше толық болып табылмайды және болашақта күтпеген жағдайлар және/немесе факторлар компания қызметіне теріс әсерін беруі мүмкін.

Негізгі қауіп-қатерлер:

- Қорғау және қауіпсіздік жүйесінде төтенше жағдайлардың орын алу қаупі
- Экономикалық жағдайдың нашарлау қаупі
- Еуропалық Одақ территориясына Қазақстандық әуекомпаниялардың ұшуына салынған тыйымның ұзартылу қаупі
- Контрагенттер тәуекелі
- Әуежанармай бағаларының өзгеру қаупі
- Жолаушылар ағынының кенеттен төмендеу қаупі

Қорғау және қауіпсіздік жүйесінде төтенше жағдайлардың орын алу қаупі

«Эйр Астана» АҚ жолаушылар және компания қызметкерлерінің қауіпсіздігі мәселелеріне жоғары дәрежеде көңіл бөледі. Елеулі сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алудың мүмкін болмауы немесе оған тиісінше жауап бермеу компания қызметі үшін теріс нәтижелерге алып келуі мүмкін еді. «Эйр Астана» АҚ-да жолаушылар мен компания қызметкерлеріне қамқорлық танытуға бағытталған саясат, процедуралар мен процестерді тексеру мен аудиттердің өткізілуімен қатар, қауіпсіздік жөнінде тұрақты форумдар мен оқытулардың өткізілуінен тұратын қауіпсіздік, қорғау және сапа кепілдігінің кешенді жүйесі жасап шығарылды. Әуекомпанияда төтенше жағдайдың орын алуы жағдайында жедел жағдай кезіндегі әрекеттерге және сыртқы билік органдарымен үйлестіруге үйретілген қызметкерлері бар жедел жауап беру орталығы құрылды.

Экономикалық жағдайдың нашарлау қаупі

«Эйр Астана» АҚ табысы компания ұшулар орындайтын рыноктардың экономикалық жағдайларына байланысты. Атап айтқанда, жаһандық және/немесе қазақстандық экономиканың нашарлауы әуекомпанияларға деген сұраныстың төмендеуіне алып келуі мүмкін. Компания басшылығы табыс жөніндегі болжамдарды үнемі бақылап отырады және маршруттық желінің оңтайландырылуы және шығындарды қысқарту сияқты барлық қажетті шараларды қабылдап отырады.

Әуекомпания табысының 70% теңгемен алса, шығындардың 45% шетелдік валютамен беріледі. Қаржы түсімдері мен қайтулары арасындағы айырманы жұмсарту үшін «Эйр Астана» АҚ шетелдік валютада алынатын табыс үлесінің көбеюі және компания жалпы сатып алуларындағы импорт үлесінің азаюы бойынша үзбей жұмыс жасап келеді.

Еуропалық Одақ территориясына Қазақстандық әуекомпаниялардың ұшуына салынған тыйымның ұзартылу қаупі

2009 жылдың шілде айында ИКАО (Халықаралық азаматтық авиация ұйымы) аудиті нәтижелері бойынша Еуропалық Одақтың Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитеті Қазақстанда ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік қадағалаудың ұйымдастырылуында орын алған бұзушылықтардың анықталуына байланысты қазақстандық әуекомпанияларға Еуропалық Одақ елдеріне ұшулар орындауға тыйым салды. «Эйр Астана» әуекомпаниясына Еуропалық Одақ елдеріне ұшулар орындауға тыйым салынбауы компанияның ұшулар қауіпсіздігінің барлық халықаралық стандарттарының орындалуын дәлелдеп, осы стан-

дарттарға сәйкес болу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауды жалғастырып отырғандығының арқасында мүмкін болды. Бұдан бөлек, компания Аруба (әуе кемелердің тіркелген мемлекеті) Азаматтық авиация департаменті және Ұлыбритания авиациялық билігі (компанияның EASA 145-Бөлім талаптарына сәйкестігіне аудит өткізетін) тарапынан қадағаланады. «Эйр Астана» әуекомпаниясы ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігімен мемлекеттік қадағалау жүйесінде ИКАО анықтаған сәйкессіздіктерді жою бойынша белсенді ынтымақтастығын жалғастыруда.

Контрагенттер тәуекелі

Компания өз операциялық қызметі барысында әртүрлі елдердегі әуебилеттерін сату агенттіктері, тауарлар мен қызметтер жеткізушілері, сондай-ақ банктер мен қаржы институттары сияқты контрагенттермен әрекетке түседі. Осы тараптардың біреуінің қиындықтармен кездесуі немесе қызметін тоқтатуы компанияның қаржылық және операциялық көрсеткіштеріне теріс әсерін беруі мүмкін. Аталған тәуекелдерді азайту үшін әуекомпания көптеген шараларды қолға алады, соның ішінде:

- Уақытша еркін ақшалай қаражат орналастырылған коммерциялық банктерде депозиттерге лимит орнату;
- Билет сату жөніндегі агенттермен банктік гарантиялар орнату;
- Агенттер мен делдалдардан бағыныштылықты азайту үшін интернет-сатулар мен тікелей сатулар көлемін үлкейту;
- Тауарлар мен қызметтер жеткізілу арналарының диверсификациясы.

Әуежанармай бағасының өзгеру қаупі

«Эйр Астана» АҚ жыл сайын шамамен 185 000 тонна авиациялық жанармай пайдаланады. Сондықтан да мұнай мен мұнай өнімдері бағаларының өзгеруі компанияның қаржылық нәтижелеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Жанармайды жергілікті рынокта сатып алу кезінде әуекомпания қазақстандық жеткізушілермен баға жөнінде бәсекелестік негізде келіседі. Жанармайды шетелдік рыноктарда сатып алу кезінде әуежанармай бағасының өзгеру тәуекелі жарым-жартылай туынды қаржылық құралдар көмегімен хеджделенеді.

Жолаушылар ағынының кенеттен төмендеу қаупі


«Эйр Астана» АҚ қызметі жүзеге асырылатын және компания жолаушылар ағыны тәуелді болып келетін Орталық Азия, Қазақстан рыноктары және басқа да көптеген рыноктар қалыптасып келе жатқан рыноктар деп жіктеледі. Осылайша, бұл рыноктар дамыған елдердің рыноктарына қарағанда саяси және экономикалық тұрғыдан тұрақсыздау болып келеді. Бұл рыноктардағы кез-келген саяси және экономикалық тұрақсыздық, сондай-ақ эпидемия немесе кез-келген күтпеген жағдай компанияның қаржылық және операциялық көрсеткіштеріне теріс әсер етуі мүмкін.



1929

ҰШАТЫН ҚАЙЫҚ

20-жылдардың соңында жолаушы гидроұшақтары – қалтқылы ұшақтар танымал болды. 1929 жылы «Дорнье» фирмасының 12-моторлы алып қайығы құрастырылды. Ол бірнеше айдан соң өзінің алғашқы трансатлантикалық ұшуына аттанды. Алайда машина тым ауыр болғандығы себебінен 240 м. жоғары биіктікке көтеріле алмады. Дегенмен де біршама аялдама жасап, ол ақырында Германиядан АҚШ-қа (Нью-Йорк) ұшып өте алды



IV. ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ

1. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

«Эйр Астана» АҚ қызметкерлері әуекомпания жетістігінің ең бағалы активі және негізгі факторы болып табылады. Компания басшылығы әлеуметтік жауапкершілік, денсаулық қорғау, кадрларды іріктеудегі мөлдірлік, үздіксіз оқыту мен дамыту, еңбек нәтижелерін бағалаудағы әділеттілік, әлеуметтік сферада мүмкіндіктер ашу принциптерін ұстана отырып, бірізді кадрлық саясатты жүзеге асырып отыр.

Еңбек қорғау

«Эйр Астана» компаниясы еңбек қорғау және қауіпсіздік саласында жоғары халықаралық стандарттарды сақтауға мейлінше күш салады. Компания қызметкерлері тәуекелдер, тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар және оларды басқару әдістерін анықтады. Компания өз кезегінде клиенттермен жұмыс істейтін қызметкерлерден бастап бэк-офис қызметкерлеріне дейін барлық қызметкерлерді үздіксіз оқытумен қамтамасыз етеді. 2009 жылы «Эйр Астана» АҚ OHSAS³ 18001:2007 халықаралық стандартын енгізіп, 2010 жылы сертификаттаушы компанияның жетекші аудиторлары өткізген инспекциялық аудит енгізілген стандарт талаптарына сәйкестікті көрсетті.

Компания авиациялық компоненттерді жөндеу жөніндегі жаңа Орталықта өндірістік объектілердің еңбек шарттары бойынша аттестациясын өткізуді жоспарлауда. Жұмыс орындарын аттестациялау барысында травмалық қауіпсіздікті, қызметкерлердің жеке қорғаныс құралдарымен қамтылғандығын бағалау және өндірістік жайларды инструменталды өлшеу іске асырылатын болады. Қызметкерлерге еңбектің қауіпсіз шарттарын нақтырақ түсіндіру үшін әртүрлі қиындық деңгейіндегі технологиялық процестер, жұмыс әдістерінің дұрыстығы және қорғаныс құралдарын қолдануды көрсететін оқу-әдістемелік бейнефильм жасау жоспарлануда. Фильмде жұмыс барысындағы ықтимал тәуекелдер көрсетілетін болады.

³ Occupational Health and Safety and Advisory Services Standard – өндірістері қауіпсіздік және денсаулықты бағалау жүйесі



«Эйр Астана» компаниясының қызметкерлері – оның ең бағалы активі

Қызметкерлерді іріктеу

«Эйр Астана» әуекомпаниясы квалификациялық еңбектің бәсекелес нарығындағы Қазақстанның ең жақсы мамандарын тартып, оларды ұстап қалуға тырысады. 2010 жылы компания қызметкерлерді іріктеу кезінде әлеуетті кандидаттарды анықтау және олардың техникалық білім деңгейі мен тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын бағалауда заманауи әдістердің кең спектрін қолдануды жалғастырды.

Есеп беру жылында сыртқы кандидаттардан түйіндемені компанияның ресми сайты арқылы қабылдау процесі (сыртқы кандидаттар түйіндемелерін онлайн қабылдау) басталды. Осының арқасында кандидаттар жөніндегі ақпарат орталықтандырылған мәліметтер базасында автоматты түрде сақталып, келіп жатқан түйіндемелерді өңдеу және сараптау процесін жылдамдатуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қазан айында тестілеу және кандидаттар тестілерін өңдеу процесін жылдамдатуға мүмкіндік беретін электрондық тестілеу енгізілді.

«Эйр Астана» компаниясы қазақстандық жетекші ЖОО-мен ынтымақтастығын жалғастыруда. 2010 жылы 86 студент компанияда өндірістік практикадан өтіп, олардың 25-і әртүрлі департаменттерге жұмысқа орналастырылды. Төмендегі оқу орындарымен арада шарттарға қол қойылды:

- «Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты» АҚ
- «Т. Рысқұлов атындағы қазақ экономикалық университеті» АҚ
- «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ
- «Азаматтық авиация академиясы» АҚ
- «Л. Н. Гумилев атындағы еуразиялық ұлттық университеті»
- «Алматы энергетика және байланыс институты»

Сонымен қатар 2011 жылы Сүлеймен Демирел атындағы университетпен және халықаралық Бизнес Академиясымен ынтымақтас болу жоспарлануда.

Сондай-ақ 2011 жылы инженерлік-техникалық департамент үшін профильді ЖОО – Азаматтық авиация академиясымен ынтымақтастықта студенттік кадрлық резерв құру жоспарлануда. Атаулы стипендиялар тағайындалып, Академияға оқу әдебиеті, макеттер, плакаттар мен сабақ өткізуге арналған компьютерлік бағдарламаларды сатып алуда көмек көрсетілетін болады.

Корпоративтік оқыту мен қызметкерлерді дамыту

«Эйр Астана» компаниясы өз қызметкерлеріне қабілеттерін көрсетіп, әлеуетін толықтай пайдалануға мүмкіндік беретін оқу бағдарламалары мен курстар құруға тырысады. Қызметкерлерді оқыту үшін әрі ішкі, әрі сыртқы ресурстар пайдаланылады.

Жаңа қызметкерлер компания миссиясы, мақсаттары мен құндылықтары, тарихы, жетістіктері, құрылымы, ішкі саясаты және ережелері жөніндегі ақпараттан құралған бейімделу курсынан өтеді. Ұсынылатын курс шеңберінде қызметкерлер коммуникацияның негізгі дағдыларын және командада жұмыс істеу дағдыларын үйреніп, компания ішіндегі танысу экскурсияларына қатысады.

Әуекомпания жылдық қызметті бағалау нәтижелерінің негізінде белгілі бір тренингтерден өту ұсынылған барлық қызметкерлер үшін «Шеберлікті жетілдіру» оқу курсы дайындап шығарды. Бұл курстың мақсаты – нақты корпоративтік құзіреттіліктерді дамыту үшін білім мен дағдылардағы «шолақтықтардың орнын толтыру», оларға байланысты тренингтің нақты тақырыбы таңдалады. Жалпы аталған курс шеңберінде 2010 жылы 30 тақырып бойынша тренингтер өткізілді.

2009 жылдан бастап «Эйр Астана» АҚ желілік менеджерлері үшін «Басқару шеберлігі негіздері» бағдарламасы енгізілген, оның шеңберінде Air Astanology, Қазіргі заманғы менеджер, Команда ресурсын басқару, Мониторинг және кері байланыс, Тәлімгерлік және Коучинг, Көшбасшылық бағдарламасы сияқты тренингтер өткізіледі. 2010 жылдың желтоқсан айында 150-дей қатысушы мен қонақ жинаған Менеджерлердің екінші корпоративтік форумы өткізілді.

Кәсіподақпен жұмыс істеу

2010 жылдың қыркүйек айында ұшу құрамының кәсіподағы, Қазақстан авиация жұмыскерлерінің кәсіподағы және «Эйр Астана» АҚ арасында ұжымдық келісім-шартқа қол қойылды. Қызметкерлерді басқару және административтік мәселелер жөніндегі департамент авиация жұмыскерлерінің кәсіби одағының жұмысына, кәсіподақтық конференцияларға белсене қатысып, Жұмыскерлер мен Жұмыс берушінің арасындағы қарым-қатынастардың келіскен негізде болуы керектігі жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, компания қызметкерлерінің кәсіподаққа белсенді түрде кіруіне үндеу тастады. 2010 жылдың 21 желтоқсанында Астана қаласында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Эйр Астана» АҚ Президентін «Үздік ұжымдық келісім-шарт» сыйлығымен марапаттады.



«Үздік ұжымдық келісім-шарт» алтын сыйлығы

Бұл форумның негізгі идеясы және басты тақырыбы «Шабыттандырушы көшбасшылық» болды. Форум шеңберіндегі елеулі оқиғалардың бірі бизнес және спорт әлеміндегі жетекші практиктердің қатысуымен өткізілген ток-шоу болды.

«Эйр Астана» әуекомпаниясындағы ерекше бағыт тіл үйрену, соның ішінде ағылшын және қазақ тілдерін үйрену болып табылады. Компания ішінде мемлекеттік тілді енгізу басымдықтардың бірі болып келді және қалып отыр. «Іскерлік қазақ тілі», «Негізгі қазақ тілі» және «Ауызекі қазақ тілі» көзбе-көз курстары ұйымдастырылды. Жылдық негізде компания қызметкерлері арасында мемлекеттік тілді білу бойынша конкурстар (3 деңгей) ұйымдастырылады. 2011 жылы ағылшын тілін қашықтан оқыту курсы енгізу жоспарланып отыр.

Өткен жылы «Air Astana дарындары» бағдарламасы құрастырылып, енгізілді. Алғашқы 10 қызметкер «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінің «Корпоративтік SMART-MBA» бағдарламасы бойынша оқуға іріктеліп алынды. Коучинг жүйесі, топтың жүйелі кездесулері, құзіреттіліктерді дамыту мониторингі жөніндегі жеке кездесулер, корпоративтік университеттің сынақ жұмысын тапсыруға қоятын талаптарына сәйкес ішкі жобаларды жүзеге асыру арқылы қатысушылардың дамуына қолдау көрсетілуде.

2011 жылы компания оқыту тренингтерін өткізуді жалғастырады, сонымен қатар жаңа тренингтер мен консультациялық жобалар құрастырылады.



Менеджерлердің екінші корпоративтік форумы (2010 ж. желтоқсаны)

Қызметкерлерге берілетін әлеуметтік пакет

«Эйр Астана» АҚ өз қызметкерлеріне 2011 жылы кеңейтілуі жоспарланып отырған үлкен әлеуметтік пакет ұсынуды жалғастырып келеді. Әлеуметтік пакетті қоса алғандағы кадрлық іс жүргізу жөніндегі жұмысты оңтайландыру мақсатымен Кәсіпорын ресурстарын жоспарлау (ERP) жүйесінің шеңберінде қызметкерлерді басқарудың жаңа жүйесі енгізілді.

Компания қызметкерлеріне медициналық қызметтерді, сонымен қатар дәрілік препараттар мен стоматологиялық қызметтерді қамтитын медициналық сақтандыру ұсынылады.

«Эйр Астана» АҚ қызметкерлері жыл сайын жылдық бонус пен өткен кезеңнің қаржылық нәтижесін есепке ала отырып компания пайдасынан төленетін бонус алады. Оның үстіне, компанияның және оның серіктестерінің әуебилеттеріне шегерімдер ұсынылады.

«Эйр Астана» әуекомпаниясының қызметкерлерге қатысты саясаты қызметкерлер жұмысының тиімділігі олардың ертеңгі күнге деген сенімділігіне негізделеді деген концепцияға негізделген. «Эйр Астана» компаниясының қызметкерлеріне төмен пайыздық мөлшерлемелермен жеңілдікті шарттар арқылы банктік несие алу мүмкіндігі беріледі.

Корпоративтік рухты көтеру мақсатымен «Эйр Астана» АҚ қызметкерлер мен олардың жанұялары үшін корпоративтік іс-шаралар ұйымдастырады. Мысалы, 2010 жылы жазғы жанұялық пикник пен жаңа жылдық кеш өткізілді.

Бұдан бөлек, компания қызметкерлерін таңғы және кешкі автобуспен тасымалдау қызметі ұйымдастырылған.

Қызметкерлерді бағалау

«Эйр Астана» әуекомпаниясы жыл сайын қызметкерлерді бағалауды өткізеді, оның мақсаты – басқарудың жоғары стандарттарына сәйкестікті ұстап тұру, әрбір қызметкердің мансаптық және кәсіби өсу жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарларын ілгерілету, жұмыскерлердің өз басшыларынан тұрақты және ашық түрде кері байланыс алуы.

2010 жылы қызметкерлерді бағалау қазан айында орын алды. Қызметкерлерді бағалауға дайындық шеңберінде менеджерлік құрам үшін ашық форматта бірқатар семинар-тренингтер, сонымен қатар компания топ-менеджерлері үшін жеке консультациялар өткізілді.


Сондай-ақ компанияда жыл сайын жұмыскерлер арасында сауалнама жүргізіледі, ол арқылы әрбір қызметкер компаниядағы жұмысы, басқару жүйесіндегі күрделі зоналар және де күнделікті жұмыстың басқа да аспектілері жөнінде өз пікірін білдіру мүмкіндігіне ие болады. 2010 жылы осындай сауалнаманың нәтижелері интранетте және корпоративтік газеттің On Air арнайы басылымында жарияланды. Қызметкерлер белгілеген проблемалардың себебін анықтау және оларды жою бойынша ұсыныстарды талдау үшін әртүрлі департамент қызметкерлерінен тұратын консультанттары бар фокус-группалар ұйымдастырылды.

Спорт және фитнес

Спорт еңбек ұжымын ұйымдастырып, командалық рухты күшейтіп, салауатты өмір салтын насихаттайды, күйзелісті төмендетіп, еңбек өнімділігін жоғарылатады. «Эйр Астана» АҚ қызметкерлерді басқару және әкімшілік мәселелер жөніндегі департаменті қызметкерлеріне өз қызығушылықтарын бірқатар спорттық-мәдени шаралар арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. 2010 жылы фитнес-клубтармен арадағы келісім-шарттар, сонымен қатар футбол алаңын жалға алу жөніндегі келісім-шарт ұзартылып, баскетбол залын жалға алу жөнінде келісім-шарт жасалды.

«Эйр Астана» компаниясының футбол құрамасы World Monitor кубогы үшін алтыншы EUROBAK жылдық Мини Футбол чемпионатына қатысып, үшінші орынға ие болды. Жерде қызмет көрсету бөлімінің қызметкері, жүкті қабылдап-тапсырушы Жаханов Руслан үздік ойыншы ретінде танылды. Алматы қаласының Мини-футбол лигасының (МФЛ) мини-футболдан күзгі біріншілігінде МФЛ қысқы кубогының 1/8 финалына жеткен «Эйр Астана» командасына екінші орын берілді. Рафтинг жарысының нәтижелері бойынша әйелдер құрамасы жалпы есепте 4-ші, ерлер құрамасы 5-ші орынға ие болды.

Сонымен қатар компания қызметкерлері Берлин марафонына және Лондондағы World Airline Road Race жарысына 5 және 10 км-ге жүгіру бойынша жарыстарға қатысты. Ақпараттық Технологиялар және электрондық коммерция департаментінің қызметкері Василий Сиволапов өз жас категориясында 3-орынға ие болды. Әуекомпания сондай-ақ Астана қаласында Ұлы Отан Соғысындағы Ұлы жеңіс мерейтойына арналған 10 км-лік қайырымдылық жүгіру шарасына қатысты.



1934

НАНҒЫСЫЗ ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛДАРДЫҢ СИМВОЛЫ

1934 жылдың 3 сәуірінде кеңес авиаконструкторлары сол кез үшін КСРО-дағы ең үлкен, ең «сәнді» «Максим Горький» ұшағын құрастырды. Оның конструктивтік ерекшелігі моторларының ерекше орналасуында болды: әр қанатқа үш мотордан орналастырылып, жетіншісі мен сегізіншісі фюзеляждың үстінде бір оське, оның біреуі – итеруші нұсқада орналастырылды.

Тағы да бір таңданарлығы – жолаушы орындары тіпті ұшақ қанаттарында да орналасып, оның 74 жолаушы тасымалдай алуында! Ұшақ бөлімдерінің жалпы жұмыс ауданы шамамен 100 шаршы метрге дейін жететін еді.



2. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПҚЕРШІЛІК

«Эйр Астана» АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі дамытуға тырысады. Қазақстан және Орталық Азиядағы жетекші әуекомпания бола отырып, компания қолда бар ресурстары мен абыройын қоғам игілігіне пайдаланады. Компания түсінігіндегі әлеуметтік жауапкершілік қоғам алдындағы жауапкершілік, оның проблемаларына көңіл бөлу және көмекке ықтияжы барларға қолдау көрсетуден тұрады.

Қайырымдылық

«Эйр Астана» әуекомпаниясы 2002 жылдан бері Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін Қазақстанның әртүрлі қалалары және ТМД-ның әртүрлі елдеріне тұрақты рейстермен тегін ұшу науқанын өткізіп келеді.

Өткен жылы «Эйр Астана» АҚ мен «Қайырымдылық» ерікті қоры» қоғамдық қорының бірлесіп жұмыс істеуі жалғасын тапты. Компания ұшақтары күрделі кардиологиялық ауруларға шалдыққан балаларды ем қабылдау үшін Қазақстан аймақтарынан Мәскеу мен Еуропа елдеріне жеткізіп отырды. 2010 жылы дербес түрде және «Қайырымдылық» ерікті қоры» қоғамдық қоры»-мен бірлесе отырып ауыр науқасқа шалдыққан балаларға және оларға еріп жүретін ата-аналарына 60-тан астам билет берілді.

Сонымен қатар «Қайырымдылық» ерікті қоры» қоғамдық қоры қоғам және демеушілер алдында ұйым қызметінің нәтижелері жайында есеп беру мақсатымен «Балаларға өмір сыйла» атты фильм түсіру бастамасын көтерді. «Эйр Астана» әуекомпаниясы жәрдемге ықтияжы бар ата-аналар мен балалар, сондай-ақ Қазақстан мен Ресей дерігерлері басты кейіпкерлеріне айналған қайырымдылық жөніндегі осындай қазақстандық алғашқы фильмнің серіктесі болды..

2010 жылы әуекомпания «Өмір жолы» әлеуметтік-қоғамдық жобасына 2 500 000 теңге аударды. Бұл жоба шеңберінде №8 алматылық мектеп-интернат тәрбиеленушілері тарапынан «Балалық шақ» трамвайы реставрацияланып боялып, енді оны қала көшелерінен көруге болады. Жоба «Victory» бастамашыл тобымен бірлесе отырып ойластырылып, Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылды.



«Балалық шақ» трамвайы
(Алматы қ., 2010 жылдың шілде айы)



«Балалар әлемді бейнелейді» халықаралық фестивалі (Астана қ., 2010 ж. қазан айы)



«Эйр Астана» Ұлы Отан соғысының ардагерлерін Ұлы жеңіс күнімен құттықтайды

2010 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының үлкен концерт залында «Эйр Астана» ұлттық әуе тасымалдаушысының қолдауымен Қазақстанда алғаш рет «Қазақстандағы қайырымдылық» атты тұңғыш халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Бұл конференцияның мақсаты елдегі қайырымдылықтың даму мәселелерін ұғыну және жетекші қайырымдылық қорлары, әлеуметтік саясат және қайырымдылық саласындағы отандық және халықаралық мамандармен тәжірибе алмасу болды.

2010 жылы Астана қаласында ерекше қажеттіліктері бар балаларға жәрдем көрсететін «ОкеанАрт» МЕҰ қолдауымен «Sport relief» қайырымдылық жүгіру шарасы өткізілді. «Эйр Астана» әуекомпаниясы шара серіктесі және ресми әуе тасымалдаушысы болды.

Алматы қаласының Медеу ауданының әкімдігі, «Эйр Астана» әуекомпаниясы және Colgate-Palmolive компаниясы тарапынан ұйымдастырылған «Өмір жолы» қайырымдылық жүгіру шарасы Олимпиялық жүгіру күніне орайластырылды.

2010 жылдың қыркүйек айында «Эйр Астана» компаниясы Астана қаласында өткізілген, қала әкімшілігі, Туризм, физкультура және спорт басқармасы мен Британ-Қазақстандық қоғамымен бірлесе отырып ұйымдастырылған 10 километрлік қайырымдылық жүгірісінің демеушісі болды. Жиналған қаражат ҰОС ардагерлеріне қолдау көрсетуге жұмсалды.

Жоғарыда аты аталған шаралар – «Эйр Астана» әуекомпаниясының 2010 жылы жүзеге асырған қайырымдылық шараларының бір бөлігі ғана. Әуекомпания жыл бойы басқа да көптеген қайырымдылық шараларының жүзеге асуына, соның ішінде балалар шығармашылығы конкурсы, Ұлы Отан соғысының ардагер ұшқыштарына арнайы сыйлықтар тарту еткен акцияға қатысты.

Демеушілік

2010 жылы «Эйр Астана» АҚ Қазақстанда да, шетелдерде де бірқатар мәдени шараларға негізгі демеуші ретінде қатысты. Бұл жобалар қатарында – Лондондағы Christie's залында орын алған «Қазақстан қазыналары» көрмесі, сандық медиаға арналған Халықаралық Конференция, Қазақстандық Интернет аптасы, Астана қаласында өткізілген Халықаралық рухани мәдениет форумы, «Jazzystan» халықаралық музыка фестивалі.

Әуекомпания Регби федерациясының және Қазақстанның регбидан ұлттық құрамасының, сонымен қатар ҚР триатлон федерациясының ресми тасымалдаушысы және демеушісі болуын жалғастырды. Регбиден әйелдер құрамасының Қытайдың Гуанчжоу қаласында өткізілген Жазғы Азия Ойындарындағы жеңісі 2010 жылдың елеулі оқиғасы болды. Регбиден ерлер құрамасы Азия аймағының Бес ел кубогының күміс иегері атанды. «Эйр Астана» компаниясы сондай-ақ қайтадан Қазақстанның спорттық өмірінің ең елеулі және есте қаларлық оқиғасына айналған алтыншы Гольф ашық турнирінің демеушісі болды. Әуекомпания өткен жылдың басқа да спорттық жобаларын, соның ішінде Мәскеуде өткізілген кәсіби бокс матчы және Алматыдағы «Гусман Кусов мемориалы» халықаралық турниріне қолдау көрсетті. «Эйр Астана» АҚ сонымен қатар «Барыс» хоккей клубының ресми тасымалдаушысы болып табылады және Астанада 2010-2011 хоккей маусымының ашылуына қолдау көрсетті.



Қазақстанның регбиден ерлер құрамасы



Гольфтан ашық турнир (Алматы қ., 2010 жылдың қыркүйек айы)



«Эйр Астана» – VII қысқы Азия ойындарының ресми тасымалдаушысы

«Эйр Астана» компаниясы үшін Астана және Алматы қалаларында 2011 жылдың 30 қаңтары мен 6 ақпаны аралығында өткізілген VII қысқы Азия ойындарының ресми тасымалдаушысы мәртебесін иеленуі 2010 жылдың маңызды оқиғасына айналды. Ойындарға 27 ел спортшылары қатысып, Қазақстан бұл күндері бірнеше мың шетелдік турист қабылдап, жоғары туристік әлеуетін көрсетті. Бұл кеңауқымды шараның өткізілуі әлемге жергілікті тұрғындардың жайдарылығы мен қонақжайлылығын, Іле Алатауының әсемдігін, Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласының әсемдігін паш етіп, ел беделін әлемдік аренада көтеруге мүмкіндік берді.

«Эйр Астана» әуекомпаниясы түрлі мәдени шараларға қолдау көрсетеді. Мысалы, 2010 жылы компания «Көктемгі Алматы» IV халықаралық органдық музыка фестивалінің, Астана қаласындағы Камералық классикалық музыка кештері, Камералық музыка концерті, «Империялық орыс балеті» спектакльдері және Алматыда қойылған «Ромео мен Джульетта» мюзиклдарының өткізілуіне қолдау көрсетті. Сонымен қатар ұлттық тасымалдаушы қолдауымен Алматыда «Martini May Fashion» сән және әсемдік балы өткізілді.

3. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПҚЕРШІЛІК

«Эйр Астана» АҚ экологиялық саясаты қауіпсіз және сенімді тасымалдарды қамтамасыз ету және қызмет көрсетудің жоғары деңгейімен бірге, экологиялық жауапкершілікті қамтамасыз ету мәселелерін компания қызметінің стандарттарына интеграциялайтын корпоративтік мәдениеттің дамуына негізделген. Әуекомпания басшылығы экологиялық жауапкершіліктің үлкен тиімділікке алып келуі мүмкін екендігін түсінеді, себебі кәсіпорын ресурстары тиімдірек пайдаланылып, тәуекелдер мен әлеуетті жауапкершілік деңгейі төмендеп, компания беделі өседі.

«Эйр Астана» компаниясының экологиялық бақылау шеңберіндегі негізгі бағыттары – көміртегі мен көмірқышқыл газының атмосфераға шығарылуын азайту, сонымен қатар өндіріс пен тұтыну қалдықтарын азайту.

Көміртегі шығарындыларын азайту

«Эйр Астана» АҚ бағалауына сәйкес көміртегі қос тотығының (CO₂) шығарылуының шамамен 99% авиациялық жанармай қолдану салдарынан болады, қалған бөлігі болса атмосфералық ауаның ластануының екінші кезектегі көздері – автомобиль көлігі, жердегі техника және жабдықтардан келеді. ИАТА Халықаралық әуе көлігі қаумдастығының мәліметтеріне сәйкес авиациялық салада қоршаған ортаның әуе кемелерінің шығарындыларының салдарынан қоршаған ортаның ластану деңгейі мардымсыз, соған карамастан «Эйр Астана» компаниясы өзіне ластаушы заттардың атмосфераға шығарылуын азайтуға қатысты міндеттемелер алды.



«Эйр Астана» АҚ басқа да әуекомпаниялар сияқты шығарындыларды төрт негізгі әдіс арқылы азайтуға тырысады:

- Жанармайды тиімдірек қолданатын ұшақтарға ауысу
- Қолданыстағы әуе кемелері паркінің модификациясы
- Ұшулардың орындалу тиімділігін көтеру
- Альтернативті жанармай іздеу (бұл әдіс қазіргі заманда кеңінен қолданылып жүрген жоқ, себебі ол әлі ойластырылу кезеңінен өтіп жатыр және тек эксперименталды авиацияда ғана қолданылады)

«Эйр Астана» компаниясы сонымен қатар Еуропалық Одақтың парниктік газдардың шығарылуына сауда квоталарының берілуі жөніндегі схемасына (ETS) қатысады. Әуекомпанияның мониторинг жоспары CO₂ газына лицензиялар саудалайтын неміс басқармасы (Deutsche Emissionshandelsstelle, DEHSt) тарапынан мақұлданды. Верификация процесі төмендегілерден құралды:

- Рейстер және шығарындылар жөніндегі мәліметтердің толықтығы және Еуропалық әуе қозғалысы қауіпсіздігі ұйымы (EUROCONTROL) жинаған, Әуе қозғалысы басқармасы мәліметтерінің сәйкестігі;
- Есеп мәліметтерінің және әуе кемелерінің массасы және центровкасы жөніндегі құжаттаманың сәйкестігі;
- Жанармай тұтыну жөніндегі жиынтық мәліметтер мен сатып алынған жанармай жөніндегі мәліметтер арасындағы сәйкестік.

Атмосфераға шығарылатын шығарындыларды азайтудың негізгі бағыттарының бірі – жанармайды үнемді жұмсайтын заманауи әуе кемелерін сатып алу. «Эйр Астана» АҚ әуе кемелері паркі қазіргі таңдағы ең жас парк бола отырып, жанармайды пайдалану тиімділігі бойынша жоғары сипаттамаға ие ұшақтардың жаңа типінен тұрады. 2010 жылы флотты модернизациялау үшін қолға алынған шаралар, соның ішінде Эрбас 320 тобының әуе кемелерін сатып алу және жанармайды ең аз жұмсайтын және зиянды шығарындылардың ең төменгі деңгейімен, сонымен

қатар өз класында минималды шу ізімен ерекшеленетін Эмбраер Е-190 аймақтық әуе кемелерін лизингке алу және сатып алу бойынша келісім-шарттар жасасу қоршаған ортаға түсетін жүктеме деңгейін одан сайын өзгертуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ әуекомпанияның Боинг 757-200 әуе кемелерінің қанаттарының ұштарына аэродинамикалық қанатшалар жалғау жөніндегі жұмысын атап өту қажет, ол осы ұшақтардың жанармайды 5-10% тиімдірек тұтынуына мүмкіндік береді.

Аэродинамиканы жетілдіру және мүмкін болған жерде жабдықтың салмағын азайту мақсатымен кейбір әуе кемелерді модификациялау – өз алдына бөлек бір бастама. Компания сондай-ақ жанармай шығындарын үнемдеу үшін межелі пункттер арасында оптималды маршруттарды іздеу мақсатымен әуе кеңістігінің модернизациясы бағдарламасын іске қосты.



Өндірістік және тұтыну қалдықтарын азайту

Авиациялық жанармай тұтыну мен CO₂ шығарындылары «Эйр Астана» АҚ экологиялық саясатының негізгі міндеті бола тұра, өндірістік және тұтыну қалдықтарын азайту компания өндірістік бақылауының басқа бір маңызды міндеті болып табылады.

Жаңа веб-сайттың іске қосылуы мен айтарлықтай жеңіл онлайн тіркелу қағаз билеттер көлемін біршама азайтады. Одан бөлек, компания электрондық форматта жұмыс істеуге ауысып, баспа материалдарының санын азайтуды жалғастырып келеді. Ақпараттық технологиялар департаментінің ағымдағы бастамалары компанияның тұтас қызметі үшін қағазсыз жүйелерді құруға бағытталған. «Эйр Астана» АҚ сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді сатып алуда ресурстарды саналы түрде пайдалану саясатын енгізу мүмкіндігін зерттеп жатыр.



Эмбраер E-190



1946

ҮЛКЕН МАШИНАЛАР ДӘУІРІ

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін үлкен және алыс қашықтықтарға арналған төрт моторлы машиналардың заманы келді. 1946 жылы «Дуглас» DC-4 жолаушы машинасын шығарды.



V. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«Эйр Астана» АҚ Қазақстанда корпоративтік басқару саласында көшбасшы болып танылған компания болып табылады. 2010 жылы Standard & Poor's халықаралық агенттігі компания қызметіне аудит өткізгеннен кейін корпоративтік басқару деңгейін GAMMA 6 деңгейіне дейін көтерді (*governance, accountability, management metrics & analysis – корпоративтік басқару, есеп берушілік және менеджментке талдау жасау және баға беру*). 2009 жылы әуекомпанияның корпоративтік басқару деңгейіне 5+ бағасы берілді.

Қазіргі таңда S&P компаниясының «Эйр Астана» АҚ-на тағайындаған рейтингі Қазақстан Республикасындағы ең жоғары рейтинг болып табылады, ол өз кезегінде әуекомпанияны басқару тиімділігінің, оның тұрақты дамуы, мөлдірлігі және стейкхолдерлер алдындағы жауапкершілігінің анық дәлелі болып табылады.

АКЦИОНЕРЛЕР

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ – акциялардың 51 %.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ 2008 жылдың 3 қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылдың 13 қазанындағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 17 қазанындағы Қаулысына сәйкес «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ бірігуінің нәтижесінде құрылды.

Тіркелген мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000 Астана қ.,
Қабанбай батыр даңғылы, 23

BAE Systems – акциялардың 49 %.

BAE Systems – әуедегі, жердегі, теңіз бен ғарыштағы алдыңғы қатарлы қорғаныс жүйелерін жасап шығару, жеткізу және қолдаумен айналысатын халықаралық компания.

Тіркелген мекенжайы:
PO Box 87
Warwick House
Farnborough Aerospace Centre
Farnborough
Hampshire
GU14 6YU
United Kingdom

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«Эйр Астана» АҚ ең жоғарғы халықаралық стандарттарға жауап беретін мөлдір және нақты корпоративтік басқару жүйесін енгізді. Компанияның жоғарғы органы – Директорлар кеңесін тағайындайтын Акционерлердің жалпы жиналысы. Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің жалпы басқарылуына жауап береді, тиімді және мөлдір қаржылық есептілікті және атқарушы орган қызметін бақылауды қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқару органдары



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесінің әрекеттегі құрамы 2010 жылдың 22 қаңтарында Акционерлердің жалпы жиыналысында сайланды. Директорлар кеңесі алты мүшеден тұрады: әр акционер тарапынан екі мүше және екі тәуелсіз мүше

2010 жылдың 31 желтоқсанындағы Директорлар кеңесінің құрамы

Байдәулетов Н. Т.

- Директорлар кеңесінің төрағасы
- Тағайындаулар жөніндегі комитет мүшесі
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры

Дүйсембаев Е. С.

- Директорлар кеңесінің мүшесі
- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар вице-министрі

Брэдли Н.

- Директорлар кеңесінің мүшесі
- Тағайындаулар жөніндегі комитет мүшесі
- коммерция және сатып алулар жөніндегі директор, «Бағдарламалар және халықаралық клиенттерді қолдау» бөлімшесі, BAE Systems

Брент Д.

- Директорлар кеңесінің мүшесі
- топ қазынашысы, BAE Systems

Ларионов Д. В.

- тәуелсіз директор
- Аудит жөніндегі комитет төрағасы
- Тағайындаулар жөніндегі комитет төрағасы
- Сыйақылар жөніндегі комитет мүшесі
- BDO және ХҚЕС жүйесі бойынша серіктес, BDO Қазақстанаудит

Лорд Томас Александер Хескет

- тәуелсіз директор
- Сыйақылар жөніндегі комитет төрағасы
- Аудит жөніндегі комитет мүшесі
- төрағаның атқарушы емес орынбасары, Babcock International Group

БАЙДӘУЛЕТОВ НҰРЖАН ТӘЛІПҰЛЫ

Директорлар кеңесінің төрағасы

Байдәулетов Н.Т. 2008 жылдан бері «Эйр Астана» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады. Ол сонымен қатар Тағайындаулар жөніндегі комитет мүшесі болып табылады.

Қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры лауазымында қызмет атқарады. Сондай-ақ 2006 жылдан бері «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Қазақстан көлік сферасында жиырма жылдан астам қызмет атқарған Нұржан Тәліпұлы өте табысты мансапқа жетті. Оның еңбек қызметі төмендегіден тұрады:

2008 жылдан бері – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры
 2006-2008 – «Самұрық» Холдингі АҚ көлік активтерін басқару жөніндегі директоры
 2004-2006 – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Қатынас жолдары комитетінің төрағасы
 2003-2004 – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар вице-министрі
 1998-2003 – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Теміржол көлігі департаментінің директоры
 1997-1998 – «Қазақстан темір жолы» РМК Ақмола теміржолы басшысы
 1997 – Ақмола теміржолы басшысының орынбасары, Павлодар т/ж бөлімінің басшысы
 1996-1997 – Тың теміржолының Павлодар бөлімі басшысының бірінші орынбасары
 1990-1996 – Павлодар станциясының басшысы, Павлодар қ.
 1989-1990 – Тың теміржолының Павлодар бөлімшесінің тасымалдар бөлімі басшысының орынбасары
 1988-1989 – Павлодар-Солтүстік ст. бас инженері, Павлодар қ.
 1986-1988 – Екібастұз ст. инженер-технологы, Тың теміржолының Екібастұз ст. бойынша кезекшісі

«Құрмет» орденімен марапатталған.

ДҮЙСЕМБАЕВ ЕРКІН СЕЙДЕҒАЛИҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі

Дүйсембаев Е. С. 2009 жылдан бері Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

